өнертану магистрі, ҚР СО мүшесі,
Қазақстан, Алматы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КИІЗ БАСУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұсынылып отырылған мақалада қазақ халқының киіз басу өнерінің әдіс-тәсілдері мен олардың аталым ерекшелгі айтылады. Мақалада Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік музейі қорындағы киіз бұйымдардың түрлеріне сипаттама бере отырып, олардың негізгі пішіндерінің қалыптасу кезеңдері қарастырылды (археологиялық зерттеу материалдары). Сондай-ақ қазақ халқының салт-санасы мен әдеп-ғұрыпындағы алатын орны сөз етіледі. Айталық, қазақ халқының байырғы заманнан қалыптасқан дәстүрі, мәдениеті, дүниетанымы, сондай-ақ өмір салтында пайда болған киіз бұйымдарының ұлттық рухының қасиетімен тікелей байланыстығы сипатталады.

Қазақ халқының ұлттық кәсібінің бірі – киіз басу өнері өзінің қайталанбас көркемділігімен және дәстүрлі әдіс-тәсілімен ерекшеленеді. Көне дәуірден бастап қалыптасып, бүгінгі кезде заманауи кәсіби өнерге айналған киіз басу өнері, әлде де болса өзінің дәстүрлі нұсқасын жоғалтқан жоқ. О бастан тіршілік болмыста пайда болған киіз бұйымдардың түрлері мен пішіндері, оларды жасау әдіс-тәсілдерінің дәстүрлі нұсқаларық алыптасқаны археологиялық қазба кезінде табылған жәдігерлерден көруге болады.

Тарихты парақтар болсақ, Қазақстан территориясында сак, үйсін, қаңлы, ғұн, сармат тайпалары оңтүстік Сібір, Алтай, Сырдария мен Амудария аймағы, Жетісу, Тянь-Шан жеріне дейін, сондай-ақ Орталық және Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Орал аймағында мекен еткені тарихтан мәлім. Осы мәдени ошақтарда XX ғасырдың бас кезінде, айталық қола дәуірі ескерткіштері алғаш рет 1913 жылы Б.Г. Андрианов бастаған археологиялық қазба іс шарасында табылған

болатын. Қазақстан жеріндегі қола дәуірін Андронов ескерткіштері деп 1927 жылы Сергей Александрович Теплоухов енгізді. Сонымен қатар 1927 жылы археолог Михаил Петрович Грязнов, 1949 жылы Сергей Иванович Руденко Қазақстан, Орта Азия, Сібір жерлерінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанның Андронов мәдениетін зерттеген тарихшы археолог Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Кемел Ақышев, Анна Максимова, Әбдулманап Оразбаев, Хасан Алпысбаев, Карл Байпаков, Зайнолла Самашев, Бауыржан Байтанов, Константин Сальников, Геннадий Зданович және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде қолданбалы өнердің құндылығы нақтылаған [1, 20-39 б.].

Археологиялық дерек көздерінде далалық қола дәуірінің хронологиялық тарихи үш кезеңге бөліп қарастырылады: ерте кезеңі – б.з.б. XVIII-XVI ғасырлардағы Петров мәдениеті; орта кезеңі – б.з.б. XVI–XII ғасырлардағы Алакөл-Атасу, Федоров-Нұра мәдениеттері; соңғы кезеңі – б.з.б. XII–VIII ғасырлардағы Беғазы-Дандыбай мәдениеттері. Қорғандарда жүргізілген археологиялық қазбада б.з.д. V ғ. жататын сюжетті киіз кілемдер, тоқымдар, бас киімдер, байпақтар сияқты табылған жәдігерлер мәдени тарихымыздан сыр шертеді.

Еділ мен Алтай өңірінде мал шаруашылығымен айналасқан тұрғын тайпалардың әртүрлі материалды меңгеріп, өмір тіршілікке қажетті бұйымдарды өндіру өнер кәсіп ошағын қалыптастырып, дамытқанын көне жәдігерлерден көре аламыз. Қалыптасқан қолданбалы өнер кәсібінде *пішіндеу, ою, басу, жапыстыру, тігу, сыру* әдіс-тәсілдерінің түрлі нұсқалары дамыды. Мәселен Пазырық қорғанында табылған тоқым бұйымы кенеп матаға қызыл түсті басылған киіздің бетіне қара, қоңыр түсті жүннен басылып жасалынған киізден бейнелерді ойып, үстінен сырып тігу тәсілмен орындалғанын көреміз (Илл. 1). Сюжетте архар мен құсбасты, қанатты арыстан арасындағы арпалыс суреттелген. Сақ дәуірінде қалыптасқан аң стилі бұйымдарда мейлінше шынайы бейнелеумен қатар, ғажайып болмыстың құдіретті сипатталып отырды.

Киіз басуда қалыптасқан дәстүрлі әдіс-тәсілдер: ***жүнді жуу, өңдеу, бояу, сабау, шабақтау, шабақтап тарту, түрлерді тарау, шүйкелеу, өрнектеу, түрлеу, талдырмадан өрнекті қиып салу, шиге орап тебу, білектеу, соқ-соқ, қарну, кірлеу, кептіру***. Осы әдіс-тәсілдер өз кезегінде атқарылатын іс аталымына қарай түсінік береді.

Киіз басуға қойдың күз айында қырқылған жүні, яғни күзем жүн, ал

киіз бұйымдардың шашағын, жиек жіптерін көктем айында қырқылған жүнді қолданады. Оны өлі жүн деп атайды. Жүндердің шәйірін сабынды суға жуып, кептіріп, сосын ешкінің терісінен жасалған тұлаққа салып, сабаумен сабап шаң тозаңынан тазартып, шидің үстіне салып сабаудың ұшымен сілкілей жаяды. Оны «шабақтап тарту» деп атайды (Илл, 2). Басылатын киіздің астары тегіс, қалыңдығы бір қалыпты шабақталып тартылғанына аса мұқият қарау керек. Шиге тартылған астар жүннің бетіне өрнек салу да аса маңызды үрдіс.

Осы тұста, айтып кетер жәйт киіз басатын үй егесі ауылдың қас шеберлерін арнайы шақырып сый-сиапат жасаған. Олар шабақтаушы, шүйкелеуші, өрнектеуші, тұрсалушылар. Олар өз ісіне әбден машықтанған шеберлер. Текеметтің өрнегі келісімді, түзу болу үшін, оның көлеміне қарай, қай жеріне қандай өрнек түседі (*қайма жолы, орта бөлігіне салынатын шаршы немесе басқа пішін және шаршылар арасындағы қолтықша бөлігі*), қандай әдіспен көркемдеу керек соны шеберлер бас қосып, тұжырымдайды.

Шиге тартылған астар жүннің бетіне өрнек салу үрдісінің екі әдісі бар. Біріншісі – түсті жүндерді шүйкелеп дайындап алып өрнектерді салып шығады. Дәлірек айтқанда шебер таралып шатысы жазылған жүндерді біркелкі етіп созғылап жіп секілді жасайды - оны *шүйкелеу* деп атайды. Өрнек жүргізетін жүндерді шүйкелеуші өрнектеушігі уақытында шүйкелеп беріп отырады. Ал, сол шүйкеленген жүндермен өрнек орындарын белгілеуді – *су жүргізу* дейді. Су жүргізу деп - орта, шет, қолтықша өрнектердің пішінін және қайма жолдарын бейнелеп салу. Шүйкеленген жүнмен өрнектеуші өрнек суларын жүргізіп болған соң, сол белгіленген өрнектердің арасын *түрші* түрлі түсті жүндермен көркемдейді. Бұл – *түр салу әдісі*.

Екіншісі – белгіленген түсті жүннен талдырма дайындап, сол талдырма киізден келісімді ою-өрнектерді (орта, шет, қолтықша өрнектер) ойып, шиге тартылған астар жүннің үстіне орналастырады. Талдырма деп-шала басылған киізді айтамыз. Бұл әдіспен басылатын текеметтің өрнек араларына түр салынбайды. Өйткені салынатын өрнектер түсті талдырмадан дайындалады. Ал текемет астары салынатын өрнек түсіне қарасты біркелкі қара немесе ақ реңде болады. Аталмыш әдіс-тәсілдің жасалу жолы ұзақ болғанмен бұйымның тез басылып және өрнектері түзу, келісімді шығады (Илл. 3).

Бұл сипатталған әдістер киіз бұйымдардың сырмақ, аяққап, тең

және байпақ, бас киім, саптама етіктің шұлығына арналған ақ және қара киіздерге қолданбаған. Бүгінде суретші-шеберлеріміз композициялық туындыларында бұл әдіс-тәсілдерді (талдырма) тәржібие ретінде кеңінен пайдаланып келеді.

Өрнектеліп, көркемделіп басуға дайын болған жүннің үстіні қайнаған суды шетінен бүркіп шашып, оны шимен бірге тығыздай орап, арқанмен аналдыра күрмеп байлайды. Шиге оралған бұйымның жүндері бір-біріне жапысып басылып шығу үшін тағыда шиді айналдырып отырып, ыстық су құйып шығады. Басылатын киіз көлеміне қарай жеті, он адам әрі бері бір жарым, екі сағат бойы айналдыра тепкілейді. Тепкілеу әдісінде екі шетінде және ортасында күші бар адам тағайындалады. Егер киіз бір қалыпты салмақты күште тепкіленбесе бұйымның олбыр-солбыр болуына, салынған өрнек және түрлердің орындарынан жылжып кетуіне әкеледі. Тепкілеу кезінде киізді арасында шиден ашып көріп әрі бері жылжыған өрнектер мен түрлерді қалыпқа келтіріп қайта тығыздап орап, байлап ыстық су құйып қайта тепкілеу әдісін жалғастырады. Бұл әдістен кейін шиді ашып, киіздің шеттерін алақанмен ұрып түзелейді – оны қарпу деп атайды. Қарпу тәсілі киіз басылып біткенше бірнеше рет қайталанатын. Қарпыған соң *білектеу* әдісіне көшеді (Илл. 4). Өрнекті киіздің алдымен екі ен жағынан, сосын ұзыншақ жағынан екі жақтама шеберлер отырып орта бөлігіне дейін орап әкеліп білектерімен айналдыра бір-біріне білектеп отырып соқылайды. Бұл әдісте алма кезек бір шетінен екінші шетіне қарай орап білектейді. Жүндердің бір-бірімен толық бірікенше білектеу әдісі бір немесе бір жарым сағатқа созылады. Білектеудің арасында текеметті ашып, оны бүктеп, қолмен сілкілей теңестіріп алақанмен сабалап қисық, жиырылған жерлерін түзелеп қарпып отырады. Бар әдістерді орындап болғанша киіз суып қалмау керек. Дайын болған киіздің өзін шидің үстіне еселеп орап, жылы суды құйып жуу әдісін жасайды, оны *кірлеу* деп атайды. Кірлеу екі үш рет қайталанатын. Кірлеп болған соң текеметті шидің үстіне жайып кептіреді.

Киіз бұйымдарды дайындау үрдісінде материалдарды дайындау ісі де өте маңызды. Соның бірі бояу ісі. Киізге қолданатын түрлердің табиғи түсі – ақ, қара, көкшіл, сұр, қоңыр қой жүндері. Арнайы бояуға боялатын меринос қойдың жүні. Байырда шеберлер жүндерді – қарағай гүлі, қайың қабығы, қына, жаңғақтың жасыл қабығы, пияздың қабығы, сары кендір, ебелек, қымыздық, қарақат, бүлдірген, емен, қызылағаш,

оспа жапырағы, анар және металл тотығынан алынған қайтпаға салып бояған. Мәселен:

- карағай бүршік жемісінен – ашық сары, ашық қоңыр түс, ал жапырағынан алынатын бояуға мыс қышқылын араластырып қайнатқанда – жасыл көк бояу шығады;
- бүлдірген, қарақат жемісінен – қара көк, жасыл түсті бояу;
- жаңғақ жемісінің қабығынан – қошқыл қоңыр, қаракөк, жасыл, қоңырқай қызыл түсті;
- қызылмия тамыры мен ашудас қайнатпасынан – қоңыр түсті;
- қырмызы сабағына ашудас қосып қайнатқан сұйықтықтан – қанық қызыл, ашық қызыл;
- жиде жапырақтарынан – сары, жасыл сары түсті бояу;
- қызыл жыңғыл қабығынан – сары бояу, ал жасыл бұтағынан – қызыл бояу дайындалған.

Бастысы бояу алынатын өсімдіктерді өз мезгілінде жинаған. Айталық жапырақтары пайдаланатын өсімдіктердің пісіп жетілген кезде, ал тұқымды өсімдіктердің дәні, қабығы тауша кезінде қолданған. Материалдың түсі қанық, тұрақты болу үшін боя суға ашудас, мүсәтір, тұз қосып қайнатқан. Жүнді ыстық бояуға салмай, жылы күйінде тұрған бояу қазандыққа салып, арасында араластырып, қанық болуын қадағаланған [2].

Киіз бұйымдардың тағы бір түрі– сырмақ. Текеметке қарағанда өрнектеп көркемделу жолы өзгеше. Сырмақ киізді басып дайындаудің негізгі әдістермен, яғни тазаланған ақ және қара жүнді шиге шабақтап тартып, екі түсті жүнді жеке-жеке басып алады. Мұнда да тепкілеу, білектену, қарпу, кірлеу әдістерімен дайындайды. Сырмаққа арналған киіздер таза басылады. Ақ-қара киізден сырмаққа салынатын өрнекті композицияны (*орта, шет, қолтықша өрнектері*) ойып алып, бір-біріне келістіріп, біріктіріп тігіп, және олардың үстінен оңды-солды ширатылған жіппен шаш өрім тәсілімен жиектеп сәндейді. Екі түсті киізге бірдей ойылған өрнектен біреуі астары қара, өрнегі ақ, ал екіншісі астары ақ, өрнегі қара сырмақ, немесе ақ пен қара түсті өрнектерді аралас құрастырып жасайды (инв. 128-т). Ал сырмақтың өрнектер арасын

келкі етіп тебен ине құралы арқылы кенеп жіппен сырып тігіп шығады (Илл. 5). «Сырмақ» атауы сыру әдісінен негізделген. Жалпы сырмақтың композициялық көркемі бірнеше өрнектерден құралған (қошқар мүйіз, құс қанат) үлкен шаршы орта бөлігінде орналастырып, қайма шетіне тізбектеліп келген өрнек түсіреді. Көбінесе «қошқар мүйіз» өрнегі төрт құлақ болып салынады. Кейбір сырмақтарды өсімдік және зооморфтық мотивтегі өрнектерді бір-бірімен үйлестіріп, көркемдейді.

Тіршілік болмысында орны бөлек киіз бұйымдар (текмет, сырмақ) Қазақстан республикасының ірі музейлердің бірі – Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі қорында қайталанбас көркемдік композициясымен, келісімді өрнегімен, дәстүрлі нұсқасымен ұлттық ерекшелікті сипаттайтын жәдігерлер 1970-1980 жылдар аралығында Қазақстанның барлық аймақ-өлкелерінде жүргізілген экспедициялық жұмыстар кезінде жинақталды [3]. Қордағы ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталатын киіз бұйымдардың көркемдік және композициялық ерекшеліктері өмір салтында қолдану негізін танып білуге жетелейді. Қордағы ерекше құнды экспонаттардың бірі – ақ пен қара жүннен өрнектеліп басылған текемет өзгеше композициялық шешімде көркемделген (инв. 48-т). Айталық текеметтің жалпы ақ түсті фонына қара түсті жүннен «құс қанат», «қаңқа», «омыртқа», «қос мүйіз» өрнектерді бір-бірімен үйлестіре үндестірген (Илл. 6). Текеметтің шетіне қара жолақ жүргізілген. Монументалды келген композиция бір ғажап дүние тылсымын сездіртеді.

Сондай-ақ өзінің қанық, ашық түстермен өрнектелген текеметтер аймақтық ерекшелікті айқындайды. Оңтүстік өңірінің текеметтері қанық қызыл түсті, үш төрт шаршының ішіне «қошқар мүйіз», «күн», «алақұрт» өрнектерді көлемді етіп салып, ал қайма жиегіне көбінесе «толқын» оюын ақ-қара немесе қызыл-қара түрмен көркемдейді (инв. 114-т). Текеметтердің негізгі астар түсі қара, қоңыр түсті келеді. Ал Солтүстік, Батыс және Шығыс өңірлерінде текеметтің композициялық шешімінде талдырма әдісін кеңінен қолданады. Айталық фоны ақ текеметтің орта бөлігінде кішігірім бүтін және жарты шаршылар шахмат сияқты үш қатар орналасқан. Бірі қызыл, екінші жасыл түсті талдырмадан «қошқар мүйіз», «қаңқа», «құсқанат» өрнектерден құралған композиция шаршы пішінде ойылып дайындалған. Текеметтің шет қаймасында қарама-қарсы келген үшбұрышты пішіндегі «мүйіз» өрнектер орналастырылған. Ен жағында қосмүйіз өрнегін түсірілген

(инв. 18-т). Бұл текеттергі қызыл, жасыл күлгін түстегі өрнектер ак фонда көзге ойнақы көрінеді (Илл. 7).

Жалпы алғанда шеберлер күйіз бұйымдарды көркемдеуде зооморфтық, өсімдік, геометриялық, космогендік мотивтегі әрбір өрнек түрлерінің нышандық және мән мағынасы қарай қолданған. Өрнектер тіршіліктегі наным сенімнен қалыптасқаны тарихтан белгілі. Байырда өмір сүрген тайпалардың бұйымдарға шынайы бейнелерді суреттеуден рухтық қуат алу, табыну, қорқу, жігерлену, көру, қабылдау, ондағы тылсым дүниенің құбылыс болмысын қасиет тұту әрекеттері айқындалған. Міне, осылай қалыптасып туындағын өрнектер стилизациялық пішінге айналғанмен наным-сенімдік әрекет халық арасында әліде болса жалғасып келеді. Адамзат өзінің сана-сезімімен қоршаған ортаның тепе-теңдік үйлесімділігін, үндестігін, рухани құндылығын ұрпаққа мәңгілік аманат еткен.

Халықтық өнерінің әрбірінде тәрбиелік мән жатыр. Айталық іс барысында ауыл шеберлерінің басы қосылып, әңгіме-дүкен құрып, қазан көтеріп, соңы той-думанға айналған. Мұнда басты мақсат тәжірбие алмасып, келешек ұрпақтың сабақтастығын ескере, өнер туралы, оның жасаудағы дәстүрлі заңдылығын айтып көкейлеріне кестелеп, сана ұғымына жеткізіп отырған. Бұл да халықтың әдеп-ғұрыптық сипатына енген өнердің түрі десек те болады. Бүгінде, бұл киіз бұйымдар ұрпақтар сабақтастығында мәңгі жалғасқан мәдениетіміздің өшпес ізі, ерекше дәстүрлі нұсқасы ретінде музей қорында сақтаулы. Мұны халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады.


Әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: - Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 355 с.

2. https://ru.qwe.wiki/wiki/Natural_dye

3. Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі. Альбом. Алматы: Өнер, 2003. –160 б.

4. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы, Қазақстан, 1977. – 96 б.



Илл. 1. Тоқым. Қоладәуірі.



Илл. 2. Шиге жүнді сабаумен
шабақтап тарту әдісі



Илл. 2. Шиге жүнді сабаумен
шабақтап тарту әдісі



Илл. 4. Тепкілеу және білектеу
әдісі



Илл. 5. Сырмақ. 1960 ж. Алматы облысы.
Халық шебері Ахметова Тұрған 1925 ж.т.



Илл. 6. Текемет. 1960 ж. Шымкент облысы.
Халық шебері Молдабаева Несібелі 1926 ж.т.



Илл. 6. Текемет. 1960 ж. Шымкент облысы.
Халық шебері Молдабаева Несібелі 1926 ж.т.

**Тоғаева Камшат Молжігітқызы,
Өнертанушы, Қазақстан Білім Беру
ісінің қайраткері Атырау облыстық
Ш.Сариев атындағы көркемсурет
және қолданбалы- сәндік өнер музейі,
Қазақстан, Атырау қаласы.**

ОНЛАЙН МУЗЕЙ: ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ

Сипаттама Біздің музейіміз маңыздылығы жағынан өңірдегі екінші мекеме. 1992 жылы ашылған мекеменің қорында қазіргі таңда 1 885 кескіндеме, графика және сәндік-қолданбалы бірегей өнер туындылары сақтаулы тұр. Музейдің сегіз залында шығармашылықтары еліміздегі бейнелеу өнерінің дамуына ықпал еткен республикаға танымал кәсіби кескіндемешілердің жұмыстары орналасқан. Жұмыс барысында бұл жүйенің негізгі басымдығы ретінде бағдарламамен жұмыстың икемділігін, жеңілдігін әрі өте ыңғайлығын айтуға болады. Қордың қозғалысы, ғылыми сипаттама, қорды тексеру автоматтандырылған жүйемен жүргізіледі. Музей соңғы технологияны меңгере отырып LED-техника, сенсорлық дүңгіршектер пайдаланып отыр. Музейде экскурсиялардың алуан түрлері – онлайн дәріс-сағаты, онлайн шығармашылық-сұхбаттар, жеке шығармашылық көрмелерге шолу, онлайн мастер-кластар және тақырыптық экскурсиялар, онлайн байқау-көрмелер, музей қорынан жинақталған тақырыптық экскурсиялар арнайы бағдарламалар түрінде әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, жұмыстарын көрсетіп отыр.

Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнері, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заман өнері. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан Бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешенді түрлері Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған. Қазақстанның орта ғасырлардағы өнері өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі

өнер тәңіршілдікпен, түркілердің қуатты саясатымен, қалалардың салынып, сауда мен қолөнердің дамуымен үндесті. Балбал тастар мен құлпытастар да осы кезеңнің туындылары.

18-19 ғ мен 20 ғ-дың басында қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және орыс ғұламалары Т.Аткинсон, Б.Залесский, А.Горонович, В.Штенберг, Т.Шевченко, П.Кузнецов, Г.Хлудов өз туындыларында қызығушылықпен бейнелеген. Қазақтың дарынды ұлдарының бірі Ш.Уәлихановтың суреттері 19 ғ-дың 2-жартысындағы графикалық туындылардың Қазақстандағы алғашқы құнды үлгілері болып саналады.

20 ғ-дың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар Ә.Қастеев, Ә.Ысмайлов, Х. Наурызбаев. Ұлттық кәсіби бейнелеу өнері алғаш еуропалық көркемдік дәстүр арнасында дамығанмен, кейіннен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүр негізінде өзіндік стильмен даралана бастады. Ерекше ұлттық қолтаңбасымен көрінген С.Мәмбеев, М.Кенбаев, Қ. Телжанов, С.Айтбаев, Т.Тоғысбаев, Ш.Сариев сияқты дарынды өнер шеберлерінің үлкен шоғыры қалыптасты. Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ Бейнелеу өнері-қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған. 20 ғ-дың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер қалыптасқан кезең болды. Бұл бағытта Е.Мергенов, Е.Төлепбай, А.Ақанаев, А.Сыдыханов, Т.Маданов, А.Есенбаев, А.Есдәулетов жемісті еңбек етті.

Әлбетте, халық шебері Әбілхан Қастеев негізін қалаған қазақ кескіндемесі бүгінде жаңа лекпен жалғасын тауып, жылдан-жылға қылқалам шеберлерінің толымды дүниелерімен толығып келе жатқаны аян. Бұған әрине, Атырау облысындағы бірден-бір өнер ошағы саналатын Ш.Сариев атындағы көркемұрет және қолданбалы-сәндік өнер музейіне келіп түсіп жатқан қылқалам шеберлерінің туындыларынан-ақ көруге болады. Мәселен, күні бүгінде Атырау облысы қылқалам және қолөнер шеберлерінің көрмелері өткізіліп туындылары каталогқа енгізіліп, олардың әрбіреуінің туындылары арнайы кітап болып, жинаққа енгізіліп, оқырманға жол тартып отыр. Бұл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалық мақаласында айтылған

басым бағыттарды іске асыру турасында жасалып жатқан игі қадам болып табылады. Осы ретте, жинаққа танымал қылқалам шеберлері Ә.Сыдыханов, М.Қалимов, Қ.Аманов, Г.Махамбетова, Ж.Аралбаев, О.Кендір, А.Отаралиев, Р.Слекенов, Ә.Жантасов, Қ.Досниязов, Т.Халин т.б. суретшілер жеке көрмелері мен жинақ кітаптары бірнеше данамен жарық көрді. Қолөнер шеберлері Н.Қалиев, К. Айыпқалиев, Н.Бисенғалиев, Е.Дүйсенғалиев, Т.Жұмалиев, Ж.Таласов т.б. шеберлердің жұмыстары кітап болып басылып шықты.

Сонымен қатар, ұлттық өнерді ұлықтап, он саусағынан өнер тамған қолөнершілер мен қылқалам шеберлерінің туындыларын жеткілікті дәрежеде насихаттап жүрген музей ұжымдарының еңбегі зор.

Сайып келгенде, қоғамның сан-салалы қатпарларын шынайы түрде кескіндей білетін өнер шеберлері халыққа рухани азық сыйлап қана қоймай, эстетикалық талғам сыйлайтыны анық. Сол арқылы олар жаңаша бір кейіпке жан бітіріп, табиғаттың тылсым сырын, қоғамның күнгейі мен көлеңкесін, адамның мұңы мен қуанышын терең философиялық тұрғыда бейнелесе, тамырын тереңге тартқан тарих тағылымын, тұрмыстық бұйымдарын, ата-бабалар қолданған қажетті заттарын шынайы талантымен жасай білетін қолөнершілердің де шоқтығы биік. Өйткені, ұлттық дүниелеріміздің көпшілігі осындай он саусағынан өнер тамған қолөнершілер арқылы бізге жетеді. Тәуелсіздікті алғаннан кейінгі Қазақстанның кескіндеме өнері мен қолөнер шеберлерінің өнерлері тарихи шындыққа ие болды. Ұлттық құндылықтарымызды жаңаша пайымдап қазіргі уақыттың шындығын бедерлейтін жаңаша көзқараста бейнелеу әлеміне жаңалықтарымен келді. Қазақ кескіндеме әлемінде сюрреализм, абстракционизм, кубофутуристикалық композициялар пайда болды. Сөйтіп, ол бүгінгі және кейінгі ұрпаққа ұмытылмас мұра болып қалды. Ал, оны өскелең ұрпаққа ұлағат етіп, жеткізу өнер музейінің абыройлы ісі.

Жалпы бейнелеу әлемінде тарихи-мәдени құндылықтарға назарын аудару үшін музей қызметінің заманауи онлайн музей: жауһарларын 3D–модельдер, виртуалдық музейлер желісін құру және музей қорын цифрлау, музейдегі құнды, маңызы бар жәдігерлерді цифрландыру және электронды деректер базасына енгізу. Қазір өнер музейіндегі туындылар электронды базаға біртіндеп ене бастады. Бүгінгі таңда музейдің маңыздылығын арттыру үшін интерактивті музейлер қатары көбейді. Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік

өнер музейі бүгінде музей жұмысын виртуальды тур құрып, музей жәдігерлерін 3D өлшемді модельінде, музей жәдігерлерін сенсорлық терминал интерактивтік кешенді бағдарлама жасауға бағытталған. Жаңа технология тізбегінде: бейнешоу, панорамалық проекциялар, интерактивтікмакеттер, 3Dинфографика, видеоқабырғаларт.бжұмыстар рет-ретімен жасалуда. Бұл ретте баға жетпес ұлттық құндылықтарымыз-тарихи мұраларды цифрлық форматқа ауыстыру түрлерін дамыту жұмыстарын «TORUS.KZ»ЖШС директоры Ғабдоллаев Дәурен Ғаріпұлымен бірлесе жасаған жетістіктеріміз деп атап айтуға болады. Бүгінгі өзекті тақырып «Музей саласында қолданылатын инновациялық жобалар» тақырыбыда осы конференцияның басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезеңдегі виртуалдық музейлер желісін құру және музей қорын цифрлау музейлердің дамуына, олардың ғылыми және музейлік тәжірибедегі интерактивтік және ақпараттық технологияларға музей педагогикасына музейге келушілермен жұмыс жүргізудің жаңа түрлеріне байланысты. Кешенді ғылыми әдістерді тарихи-мәдени мұраны, музей қызметінің инновациялық түрлерін дамытуда төмендегідей қағидаларды басшылыққа алады.

- Музейді еліміздің маңызды мәдени және ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірі жәнеэстетикалық тәлім-тәрбие беретін, отансүйгіштікке баулитын сан алуан тақырыптағы онлайн дәріс-сағаттарын, тікелей эфирде сұхбаттасу, онлайн мастер –клас өткізу.
 - Музейді еліміздің тарихи құндылықтарымызбен қайталанбас жауһар жәдігерлерімізді сақтайтын ірі орталыққа айналдыру.
 - Музейде инновациялыққызметтің ғылыми-ағартушылық және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттары бойынша бірыңғай музей кеңістікті құру ақпараттық киоск, интерактивті сайттарды дамыту.
 - Музей ақпараттық технологияларды пайдалана отырып музейлік коммуникацияның жаңа жүйесін құрып халықаралық деңгейдегі тәжірибелерін зерделеу және тарату.
 - Музей қорындағы тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау, экспозициялау және насихаттау үшін жаңа ақпараттық, цифрлық және онлайн музей технологияларын белсенді енгізу.
- Себебі қазіргі таңда ІТ саласы дүниежүзі бойынша айрықша

сұранысқа ие. Оның ішінде ақпараттық технологиялар қарышты қадаммен жетіліп отыр. Қазақстанда үлкен заманауи технологияларды дамыта отырып ІТ саласына ерекше басымдық берді.«...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы Қазақстан Республикасы халқының цифрлық сауаттылығын арттырамыз. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының ақпараттық технологиялары мемлекеттік жүйеге еніп, сәйкестендіру жұмыстары оң нәтиже берді. Соңғы жылдарда Қазақстандағы цифрландыру жүйесі едәуір өскенін байқауға болады. Мәселен, қазіргі таңда EGOV системасы электронды жүйеге ауысты. Қазақстанда онлайн сауда нарығы дамыды, Қазақстан халқының басым бөлігі цифрлы сауатты. Үйден немесе кеңседен шықпай-ақ түрлі операцияларды жасай алады. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі, тіпті шалғай ауыл-аймақтарда интернетке қолжетімділігі артты. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау барысында өркениетті, дамыған елдердің тәжірибесін қолдана отырып көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру.

Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы өнер көркемсурет және қолданбалы-сәндік музейі өз қорларын сандық форматқа ауыстырып үлгерді. Яғни, үйден шықпай-ақ музей залдарын көрермендер виртуалды онлайн түрінде аралауға болады. Көрермендерге музей жәдігерлерін онлайн турлар арқылы ұсынады және өзіңіз қалаған өнермен сусындау мүмкіндігі қарастырылған. Өнер музейінің әр жәдігері мен залдарын 3d модельдеу және анимация, ақпараттық киоскілерден өнер туындылары мен музей залдарын 360 градустық форматта көруге болады. Бірнеше топтастырылған өнер туындыларын музейдің 8 залына атап айтсақ Ш.Сариев залын, Сарайшық залын, Графикалық залын, Орталық залын, екі Қолөнер залын, Махамбет залын, Асыл мұра залдарына виртуалды экскурсия жасап тамашалауға мүмкіндік бар.

Сонымен бірге цифрландыру мемлекеттік бағдарламасы аясында музей қорының мемлекеттік каталогін қалыптастыру жобасы қарастырылып жұмыс жасалып жатыр. Музей қорының мемлекеттік каталогі музей заттары мен жинақтарын орталық мемлекеттік электронды есепке алуды қамтамасыз ету мақтасында жүргізілуде. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе жұмыс жасалып жатыр. Оның ішінде музейдің құнды жәдігерлерінің есеп қозғалысының жұмыстары

тіркелуде.

Біздің музейіміз маңыздылығы жағынан өңірдегі екінші мекеме. 1992 жылы ашылған мекеменің қорында қазіргі таңда 1 885 кескіндеме, графика және сәндік-қолданбалы бірегей өнер туындылары сақтаулы тұр. Музейдің сегіз залында шығармашылықтары еліміздегі бейнелеу өнерінің дамуына ықпал еткен республикаға танымал кәсіби кескіндемешілердің жұмыстары орналасқан. Жұмыс барысында бұл жүйенің негізгі басымдығы ретінде бағдарламамен жұмыстың икемділігін, жеңілдігін әрі өте ыңғайлығын айтуға болады. Қордың қозғалысы, ғылыми сипаттама, қорды тексеру автоматтандырылған жүйемен жүргізіледі. Музей соңғы технологияны меңгере отырып LED-техника, сенсорлық дүңгіршектер пайдаланып отыр. Музейде экскурсиялардың алуан түрлері – онлайн дәріс-сағаты, онлайн шығармашылық-сұхбаттар, жеке шығармашылық көрмелерге шолу, онлайн мастер-кластар және тақырыптық экскурсиялар, онлайн байқау-көрмелер, музей қорынан жинақталған тақырыптық экскурсиялар арнайы бағдарламалар түрінде әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, жұмыстарын көрсетіп отыр.

Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің виртуалды <http://shaimardan.kz/kk/> сайттарын ұсынады. Енді біздің музей залдарындағы экспонаттар туралы толық мәліметтерді, үйіңізде отырып ақ осы сілтеме немесе музейге келгенде экскурсовод маманның көмегінсіз ұялы телефондарыңызға жүктеп экскурсия деп залдар атын жазуарқылы танысуға болатындығын қаперлеріңізге береміз.

Музей шын мәнінде еліміздің басты асыл қазынасы, Қазақстан мемлекетінің тарихын көзінің қарашығындай сақтап қалатын бірегей орын. Өткен мен болашақтың ортасын саралай келетарихи-мәдени мұрағаназараудару үшін музей қызметінің онлайн бейне-дәріс сағаттары, шығармашылық онлайн-сұхбаттар және музей қорынан тақырыптық көрме түрлерін дамытып әлеуметтік желілерде белсенділігін арттырып, тыңдармандар мен көрермендерге жеткізу басты мақсатымыз.


Әдебиеттер тізімі

1. А.С.Шипанов. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге». Алматы «Мектеп» 1989 ж.
2. Ералин Қ. Займоғлұы Ө. Ералина Ғ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құрал. Түркістан. Тұран 2011 ж.
3. «Мәдениет» журналы №2-№6. 2017 ж.

4. Әлеуметтік желілер ақпараттарынан.

Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде өткен шаралардан

Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде өткен шаралардан



**Бөкеш Толғанай Бакбергенқызы,
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
қорсақтаушысы,
Қазақстан, Алматы**

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ІШІНДЕ КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН ЖҮЗІКТЕР МЕН САҚИНАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрі Қазақстан жерін мекен еткен адамдардың түп тамырымен тікелей байланысты. Қазақстан территориясында мыс, қалайы, алтын, тағы басқа асыл және түсті металдарға бай кен орындарының болғандығы қазба жұмыстары дәлел болады. Қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардағы қолтаңбалар ежелгі өнердің көркемдік деңгейінің биік болғандығын байқатады. Қола дәуірі кезеңіндегі зергерлік бұйымдар формасының монументтілігі, көркемдік әсерлігімен ерекшеленсе, ал Есік обасынан, Шілікті, Бесшатыр қорғандарынан табылған скифтерге тән аңдарды бейнелеу стиліндегі алтын бұйымдар, «Қарғалы қазынасына» жататын үйсіндердің полихромды алтын әшекейлерді, Бурабай көлі төңірегінде обадан табылған гұндар кезеңіне саятын бұйымдар қайталанбас мұралар болып табылады.

Сол себепті мақала зергерлік өнердің ішінде ерекше мәнде қаралатын жүзік пен сақинаның эволюциялық негізі мен интерпретациясы туралы жазылған. Зерттеу объектісі ретінде ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеева т. өнер музей қорындағы экспонаттар зерттелді.

Кілт сөздер: *оба, зергерлік өнер, эволюция, монументтілік, қорым, қазба жұмы, кен орындары т.б.*

Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Үй кәсібінен негізделген ұлттық қолөнер түрлеріне қарағанда, зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар.

Зергерлердің көп жасаған бұйымдарының қатарына басым

көпшілігі әйелдерге арнап жасалады. Әшекейлердің бұл түрі тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге тікелей қатысты болғандықтан кез келген әлеуметтің өкілі өз хал-қадірінше әртүрлі әшекейлерді мән мағынасымен таққан [1].

Қазақ халқы ежелден күмістің адамға игі әсерететін айырықша қасиеті бар деп білген. Күміс жүзік тағу мен ғана шектелмей, нәрестені шомылдырғанда суға күміс теңге тастап: «Баланың күні күмістей жарық болсын», - деп жоралғы жасаған. Сақина мен жүзіктің киелілігі мен қасиеттілігіне сену Шығысқа кең таралған түсінік. Әдетте, бұл халықтар әйелдің қолында міндетті түрде не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санап, ол болмаған жағдайда жасаған тамағы арам деп білген.

Сақина – естелік, сыйлық, тіпті, мұралық белгі. Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша, ас адал болуы үшін оны дайындайтын, дастарханға қоятын, шай құйып беретін әйелдің саусағын да міндетті түрде сақина болуы тиіс. Сондықтан қазақ арасында да, «Тамақ адал болуы үшін, қолда жүзік болуы керек» деген мәтел сақталған.

Сақина мен балдақ саусаққа салынады. Бұлар да негізі әйел жиһаздары болып саналғанымен, оларды ерлер де салады. Бірақ әйелдер барлық саусақтарына екі-үштен қосарлап сала береді де, ерлер бір ғана саусағына және біреуін-ақ салады. Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарай да әртүрлі аталады. Мысалы, тасты сақина, моншақты сақина, кавказ сақина, құсмұрын сақина, ырғақ сақина, бұрамалы сақина және т. б. Балдақтарды ондай түрлеріне бөліп атамайды. Тек алтын балдақ, күміс балдақ дейді. Сақиналар кебінесе сом күмістен соғылады. Көзді сақинадан бөлек соғып, қалыпқа салып өрнектеп алады да, балдағына дәнекерлеп бекітеді. Кейде көзді етіп жасап, оған жарқырауықтас, шыны орнатады[2].

Жалпы сақинаны жасағанда алтын мен күміс, жез бен мысты пайдаланған. Солардың арасында көбірек қолданғаны — күміс. Себебі күмістің тартымды, сыйқырлы қасиеті бар деп есептелген және алтынға қарағанда күміс арзан және жұмсақ, әрі жарасымды. Оның тіл-көзден, түрлі сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген.

Сондықтан көбінесе әйелдерге күміс сақина тағу ұсынылады. Алайда алтын сақина тақса да айып емес. Оның да жақсы әсері бар. Сол себепті қазақтар «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалық азы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас», — дейді. Демек халқымыз сақина соғылатын күміс, алтынның таттануға ұшырамайтынын,

олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін тым ерте байқаған. Мәселен, жас келіншек нәрестесін шомылдырарда, жаялығын жуарда ауылдағы қарт әжелеріміз оған: «Қолыңа күміс сақинаңды салып ал, ол тазалыққа, адалдыққа жақсы», – деп айтып отыратын болған. Тіпті, нәрестені қырқынан шығарарда оны шомылдыратын суға да күміс теңгелерді немесе күміс, алтын сақинаны, білезікті салмайды ма? Бұл – әлгі зергерлік заттарды сәбиді қырқынан шығарушы әйелдерге арналған сыйлық ретінде емес, халқымыздың сондай асыл заттарды қасиетті санауынан қалыптасқан дәстүр.

Сақиналардың кең тараған түрі — асыл тастан немесе әйнектен арнайы көз салғандары болып саналады. Ел ішінде ежелден асыл тастар тіл-көзден сақтайды деген сенім бар. Ал мөлдір шыны әйнектен көз салу – дүниенің бәрін көріп тұр деген ұғымға саяды, әрі сақинаның сәулеге шағылысқан жарқылының өзі-ақ жарасымды көрінеді. Қазақ шеберлері асыл тастарды қырып-жонып көп өңдеуге салмаған, қайта түр-түсін бұзбай қаз-қалпында пайдалануды жөн көрген.

Сақина мен жүзіктің өзіне тән айырмашылықтары бар. Мәселен, сақинаның бауыры жүзікке қарағанда жалпақтау келеді. Қазақтар ертеде құдағи, құстұмсық, құсмұрын жүзіктерді шебер зергерлерге арнайы жасататын болған.

Қазақ зергерлері тастан көз салған сақиналар мен қатар отау жүзіктерге ерекше мән берген. Бұл үстіңгі беті алтын, не күмістен өрмеленіп отау пішініндеп істеленіп не шекіліп, я термеленіп жасалады. Ал шеберлердің жималы жүзік деп аталатын дүниесін бөлу оңай болған мен жинау қиын. Ол сақинаның өзі төрт-бес жүзіктен тұрады. Күн нышанын білдіріп жарқыраған дөңгелек сақиналар саусаққа ерекше көрік берген. Олардан өзге құйма жүзік, ойма жүзік, соқпа сақина, күмістен қарайтылған бағдар жүзік, өрме жүзік, керме жүзік, терме жүзік, баспа жүзік деген сияқты сақиналардың алуан түрлері болған [3].

Сақина немесе жүзікке байланысты бүкіл халықта ырым-жоралғылар бар. Ол көбінесе неке сақинасына байланысты айтылады. Осы ырым-жоралғыға жүгінсек, неке сақинасы сөз жоқ, жұп-жұмыр, кедір-бұдырсыз, әрі көзсіз болғаны шарт. Ол – жас жұбайлар кедергісіз өмір сүрсін, бақыттары сол сақинаның дөңгелегіндей шексіз, таусылмайтын болсын деген ырым.

Ислам дінінде некелесу кезінде екі жастың некесін қиюшы имам, молда күйеу жігіттен жұбайына нендей сыйлық ұсынатыны жөнінде сұрайды. Бұл туралы «Әс-сахих» кітабында Әл-Бұхари Пайғам барымыздың қалыңдығына не сыйлау керек екенін сұраған адамға: «Сақина сыйласаң, темірден соқтыр» дегеніне куәлік етеді. «Жалпы әйелдерге әсемдік бұйымдарының рұқсат етілуі олардың жаратылысынан әсемдікке, әдемілікке құмарлығы мен соған сүйіспеншілігінен», — деп түсіндіреді дағуатшылар. Алайда әйелдер сақина, жүзік тәрізді әсем әшекейлерді ер адамдардың назарын өзіне аударту үшін тақса, олардың бұл ісі — харам. Шарифат білгірі Юсеф әл-Кардауидің айтуынша, ерлер үшін мыналарға тыйым салынған: таза алтын мен жоғары сапалы алтыннан соғылған құнды бұйымдар; табиғи және асыл жібектен тігілген киімдер [4].

Жүзік үшін соғуға, созуға қолайлы болуы үшін қоспасыз таза күмісті таңдап алады. Таза күміс ірімей жақсы соғылады және сымға салып жіңішкерте отырып созуға да ыңғайлы. Таза күміс жай қарағанда да көрікті. Сондықтан қазақ зергерлері ең таза күміс деп жамбы күмістерді ұстайды. Жамбы деп қорытылып құйылған кесек күмістерді атайды. Жамбының үлкендігі мен формасына қарай, қазақ арасында белгілі алты түрлі атауы бар. Оларды үлкенінен бастап айтқанда: «бесік жамбы», «атбас жамбы», «қойбас жамбы», «тайтұяқ жамбы», «қойтұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды. Жамбы күмістері қараймайды. Ал, осы күмісті жіңішкертіп созатын сайманды сым деп атайды. Сым дегеніміз ұзыны 20—25 см, көлденеңі — 3—4 см, қалыңдығы 2 см төрт қырлы ұзынша темір. Бұл темірдің ортасында кеңдігі шеге сиғандай, тесіктен бастап, бір тал шаш өтетіндей ғана саңлауға дейін тарыла беретін, бірінен бірі кіші 11—18 тесік бар. Бұлардың араларында үлкенді-кішілі шар, жарты шар кейіптес шұңқыр ұялар жасалған. Шеберлер бұл ұяға шегелерді сыптығырлай отырып, әр түрлі көлемдегі мық шегелердің түйіртпектерін жасап өрнектейді. Күмісті қорытып тазартып алған соң, оны шегенің үлкендігіндей етіп, ұзындығын 10—15 см шамасында жұмырлап соғады да, сымның алғашқы өтетін көзінен бастап, бірте-бірте тар көздерден өткізіп тартады. Күміс әрбір тесіктен өткен сайын жіңішкеріп шаштай болып созылып шығады. Созылған күміс кесте жіп сияқты домалақтанып жиналады. Мұны күмісті сымға (тезге) тарту дейді. Күміс жіптің ұшын әлгі шабылған темірдің түрпі бетіне өрнектеп сала отырып балғамен бірқалыпты ұрады. Ұрылған

күміс түрпілердің бұжырына жапсарласып, өзінің жуан-жіңішкелік мөлшеріне қарай жалпақтана, өрнектеліп қақталады. Оған өң беру үшін оны жұмсақ қайрақпен және түрпі қағазбен, одан кейін киізбен, ең ақырында жұмсақ матамен ысқылайды.

Қолөнер шеберлері өрнектеліп болған заттарды әдемілеу үшін оны түрбін қағазбен, шұғамен, мақпалмен, жұмсақ матамен ысқылап, жылтыратады. Сақина, жібек сияқты бұйымдарды қазақ зергерлері көбінесе осындай әдіспен жасайды. Сымға тартылып бір келкі созылған күміс жіптерді бұрап, өріп, тоқып, кейде алтын, күміс заттарға әр түрлі асыл тастардан көз орнатып, оларға мық қағу арқылы өрнекті, сәнді жиһаздар істейді. Әйелдердің омырауға тағатын алқа, тана, жарма, шытырман, қоза, көз түймелері сияқты заттарды көбінесе арнаулы қалыптарға салып сықап жасайды. Бұл үшін темір қалыптың ұясына салынған жұқа және жұмсақ күмістің үстіне қатты кесек қорғасын қойып, содан кейін не күшті қысқымен басып сықайды, не қорғасынның үстінен балғамен ұрғылайды. Күш түскен қорғасын жұқа күмісті өрнекті қалыптың ішіне жапсыра кептеп тастайды, Осы әдіс арқылы қалыптағы өрнектің бедерлері күміске батады да, өзінің ою-өрнек іздерін қалдырады. Соңынан қорғасынды ыңғыру бізбен шұқып алып тастайды, кейде қорғасынды алмай, сол бетінде қалдырып та қояды [5].

Жүзік пен білезік сыйлағанда «Қолың өнерлі болсын!» деп айтады. Жүзік пен білезіктің магиялық және тазартушылық қасиетіне сену - шығыс халықтарына тән. Сақина, жүзіктерді киелі деп сену оның қолданыс аясын кеңейтті. Қазақ әйелдері баланы қырқынан шығарғанда шомылдыратын суды тазартады әрі сәбиді қорғайды деген ниетпен күміс сақиналарын салған. Сақинаға байланысты осы секілді ғұрып тәжіктерде де бар. Сонымен қатар сақина ауруды анықтау тәжірибесінде қолданылады: науқас адамның жотасымен сақинаны жүргізіп өтсе, асқынған жер міндетті түрде қараяды деген тұжырым болған. Қалыптасқан сенімге байланысты әрбір қазақ әйелінің қолында жүзік болуы тиіс. Саусағында жүзігі жоқ әйел дайындаған тамақ адал емес деп есептелген. Қазақта осыған байланысты «Тамақ адал болу үшін, қолда жүзік болуы керек» деген мәтел бар. Якуттарда қолында жүзігі жоқ әйелге тіпті сиыр саууға рұқсат берілмеген, өйтсе, сиырдың желіні ісіп кетеді деп жорамалдаған. Ал желін ісігін жазу үшін сүтті сақинаның көзінен өткізе сауатын болған.

Алтай және долған халықтарының дәстүрінде сақина әйел мен

еркек арасындағы жақын қатынастың белгісі болып табылады, яғни сақина алмасу немесе сақина сыйлау некеге тұруға, жақын қатынас жасауға келісім беруді білдірген. Хакастарда бұл қызметті білезік атқарады, мәселен, қыз таңдаған жігітіне білезік сыйласа, оған тұрмысқа шығуға келісім бергенін білдіреді. Әлемнің көптеген халықтары арасында сақина адам бойына жын-перінің енуіне жол бермейді деген ұғым болған. Сақина, жүзіктердің маңызы туралы ауыз әдебиетінде де айтылады. Қазақ дастандарының біразында қыздың жасауына кіретін немесе тарту етілетін бұйымдардың ішінде міндетті түрде жүзік айтылады. Қазақ ұғымында ортаңғы саусаққа жүзік салуға болмайды, әйтпесе жақыныңның бірі қайтыс болады деген наным қалыптасқан. Тек ата-анасынан айырылған қыз ғана ортаңғы саусағына жүзік салуына болады, мұндай жағдайда сақина осындай жайдың нышанын білдіреді. Қазақта қайтыс болған әйелдің бойында сырғадан басқа ешқандай әшекей қалдырмайды, өйткені оның денесі таза болып, ешқандай металл ауырлық келтірмеуі тиіс деп есептелген. Мұндай дәстүрдің пайда болуы жерлеу рәсімінің даму нәтижесі деуге болады. Осыған ұқсас түсінік Сібірдің түркі тілдес халықтары – буряттар, долғандар, телеңгіттерде де бар. Якуттарда қайтыс болған әйелде мойынға тағатын кіреш, неке жүзігі, сырға қалдырылған, бірақ олар күмістен емес, мыс немесе ағаштан болуы тиіс [6].

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорында қазақтың ұлттық және сәндік-қолданбалы өнердің бай коллекциясы орын алған. Бүгінгі күні 5000-нан астам жәдігердің 2000-нан астамы зергерлік өнердің аса көрнекті үлгілері сақталған. Соның ішінде Батыс Қазақстан әшекейлерінің сәндік және конструктивті элементтерді сән-салтанатты, ауыр, өрнектерін айқын етіп жасайды.

Қазақ халқының салтындағы құдағиларға ұсынылатын құдағи жүзік — үлкен сый-құрметтің белгісі. Әсіресе, Батыс Қазақстан өңіріне тән бұл жүзік өзінің пішіні мен әсемделуі ерекше. Ол басқа жүзіктерге ұқсамайды. Екі саусаққа қатар киілетін екі шеңберден тұратын жүзік үстіңгі беті біртұтас болып келетін ұлт өнеріндегі бірегей дүние. Ерекшелігі жас жұбайлардың жұбы жазылмасын, екеуі бірігіп тату отбасы болсын дегенді меңзейді. Құдағи жүзікті қалыңдықтың шешесі құдағайына өзінің қызына мейіріммен қарауы үшін және құдандалы екі рудың бір-біріне ынтымағы үшін сыйға тартатын. Құдағи жүзік — адамдар арасындағы сыйластықтың, адамдарға көрсетілген ілтипаттың, құрметтің белгісі. Оның үстіне ел ішінде көптеген егде адамдар қолында

құдағи жүзігі бар егде қайыненелерді көріп, оның үй-ішіне, жақын-жұрағатына сыйлы, қадірлі кісі екенін бірден білетін болған. Қазақ халқының зергерлік әшекей бұйымдары ата-бабаларымыздың ұлттық қолөнер мәдениетін паш ететін асыл мұрасы, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің айнасы ғана емес, тұнып тұрған тәлім мен тәрбиенің сыр сандығы екендігін осыдан көруімізге болады. Қазіргі уақытта осы бір салт-дәстүр қайта айналып өмірге енсе қандай тамаша болған болар еді.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі жүзіктер полихромды стиль тән, олардың құрамдас бөліктері де күрделі, әрі созылыңқы, көпбөлікті, әртүрлі бояулармен тас орнату жиі кездеседі. Жоғарыда аталған Батыс Қазақстан өңіріндегі жүзіктерге қарағанда жіңішке, жеңіл, әсемделуі жан-жақты болып келеді. Алтын жалату, перизат пен маржан орнату, көзді шыналар орнату ерекшелігін айқындайды. Мәселен, ХХ ғ. тән жүзік дөңгелек негізді, ортасы жұмыр, түрлі түсті тастармен безендірілген, гүл розеткасы түріндегі жасалған. Оңтүстік өңірінің архитектурасы мен сәндік-қолданбалы өнерінде жиі кездесетін ашық түсті колорит жүзік негізінен де көрініс тапқан. Негізі ақ түсті металдан жасалып, білезік пішіні секілді жасалған. Ортасында раушан гүлінің жапырағы секілді жасалған. Ортасында сарғыш түсті маржан тасы орнатылған. Ал, оның жапырағында сары, көк, жасыл, қызыл түсті шыны қоспалары бар ұяшықтар орнатылған. Олар композиция бойынша түйіршіктермен бекітілген. Музей қорына 1973 ж. Д. Алтайбаевадан алынған туынды (402-зр) қыз баланың мінезіне сай барынша сәнді әрі етіп жасалған.

Солтүстік Қазақстан жүзіктері өзіне тән ерекше. Мәселен, ақықпен өрнектелген, Орта Азия бұйымдарына ұқсас символдық негіздегі өрнектер мен сызбалар жиі кездеседі. Ақық тасының қадір қасиеті мен емдік қасиетін бағалай білген шеберлер бұл таты бақыт әкеледі деп сенген. Сол себепті қыз тасы аталған материалды нәзік жандылардың жүзігі мен сақиналарына кіріктірген.

Солтүстік Қазақстан шеберлері металл өңдеу мен оған тас кіріктіру, басқа материалдармен үйлесімді пайдалануы арқылы ерекшеленеді. Музей қорында бірнеше жүзік түрі мен шебердің жан-жақтылығын көрсететін экспонаттар өте көп. Мәселен, Қостанай өңірінде жазалған (403-зр) жүзік ХХ ғ. жасалып, негізі жіңішкеліп келіп орталық бөлігінде өрімде жүйемен байланысады. Төрт жағынан сақиналы және бұрамалы негіздер оратылып, оның үстіне түйіршіктер гүл негізінде орнатылған. Бес дөңгелек шардың үстіне басқаларынан сәл үлкенірек розетка орнатылып, жұмырланған гүл пішінінің сұлбасын жасап тұр. Бұл негізді бүйірінен жүрекше секілді бөліктер ұстап, бекітіп тұр. Тағы

бір мысал, XIX ғ. жасалған жұмырлы жүзік жасалу техникасының күрделілігімен ерекшеленеді. Негізі қалың, композиция бүйіріне үшке бөлініп жалғасқан. Басты қондырғы сопақ, дәл ортасында жасыл, қызыл түсті шыны ерітпесі қарама-қайшы бағытта орнатылған. Бұл жүйені сызықты және нүктелі түйіршіктер қоршап орналасқан. Жиегі S-тәрізді негіздермен жиектелген. Жүзіктің жоғарғы бөлігінде екі ілмек бар. ол жүзіктің қосалқы бөлшектерінің болғандығын айқындайды.

Шығыс Қазақстан жүзіктері өздерінің формалары мен сәндеуінің бекзаттық қарапайымдылығымен ажыратылады. Әсіресе музей қорындағы экспонаттардағы скиф-сақ негізінде жатқан таңбалық өрнектерді көруге болады. Алтын мен күмістен басқа бағалы және жартылай бағалы тастарды орнатып, оларды керу, сызу, ойықтау, оймалау, шертелеп ширату, түйіршіктеу, ширату, нақыштау әдістерімен жасайды.

Шығыс Қазақстан өңірінің жүзіктері бір негізділігімен ерекше. Музей қорында сақиналардың басым көпшілігі негізі мен алдыңғы бөлігі бір сақинада жеке қолсалқы розетка емес, балдақта орындалады. Мәселен, XX ғ. ақ түсті металл пошымы сопақтау, алдыңғы негізінде мүйізді өрнек бар. Ою металлға шекіме мен ойма арқылы жасалған. Алдыңғы негізі сопақ, артқы бөлігі қысқа.

Тағы бір мысал, XX ғ. жасалған жүзіктің алдыңғы бедерінде күнбасты таңбалық өрнек салынған. Ортасында кішкене іші дөңес (683-зр) негіз бар. Мұндай жүзіктер көбіне жас арулар жиі таққан. Себебі, басқа жүзіктерге қарағанда әлдеқайда нәзік әрі қарапайымдылау келеді.

Күмістен жасалған бұйымдардың тәрбиелік мәніне тоқталсақ, алдымен құстұмсық жүзік пен құдағи жүзік туралы сөз қозғағанымыз дұрыс. Құстұмсық жүзікті бойжеткен қыздар таққан, бұл жүзік — бақыттың, тәуелсіздіктің, құстәрізді еркіндіктің белгісі. Дәстүр бойынша ұзатылып бара жатырған қызының қолындағы құстұмсық жүзікті анасы шешіп алып, қыз жасауымен бірге орамалға түйіп, сандығына салып жіберетін болған. Бұл жүзік қыз жағдайының хабаршысы ретінде кейін қайтып келуі керек. Сондықтан қыздың төркін жағынан оның қал-жағдайын білуге барған інілері осы құстұмсық жүзікті қайтып әкелсе, қыздың анасы қатты қуанып, құдағайым қызыма өз қызындай қарайды екендеп, ауыл арасына кішігірім той жасаған. Яғни біздің түсінігімізде сәндік бұйым болып есептелетін жүзіктердің мағыналы мақсаты болатындығын ата-бабаларымыз ұстанған осы салттан көруге болады.

Әшекейлер арқылы тұтынған кісіге жақсы ырым мен сәттілік тілеудің кейбір түрлері бұйымның нұсқасы мен өрнегі арқылы меңзеген.

Ұрпақтың көбею, өсу идеясы түтікше мен үш бұрышты бөлшектен құралатын бой тұмарда да бар. Көбею, өсу символын білдіретін бұйымдардың қатарына жүзік пен сақина орны ерекше. Құс мұрын өрнегі үлгісінде жүзіктерді өрістеу, өркен жаю идеясын білдіреді.

Қорытындылай келе, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорында шоғырланған қазақ зергерлік өнер экспонаттар жасалу уақыты мен аймақтық стилистикасы бойынша жан-жақты. Оның металды пластикасы, әсемделу техникасы мен көркемдік стилінің жан-жақтылығын жоғарыда аталған музей қорындағы сақина мен жүзіктер мысалында көруге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың зергерлік әшекейлері – Алматы: Өнер, 1985. -155 б.
2. Серікбол Қ. Арғықазақ мифологиясы – Алматы: Daik-Press, 2004. – 485 б.
3. Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды – Москва: Искусство, 1976. – 225 с.
4. Артаманов М. И. Сокровища саков – Москва: Искусство, 1973. – 235 с.
5. Сычева Н. Ювелирные украшения народов Средней Азии и Казахстана – Москва: Советский художник, 1984. – 17 с.
6. Тохтабаева Ш. Ж. Серебрянный путь казахских мастеров – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 470 с.

Қосымша

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы жүзіктер мен сақиналардың бірі (құс мұрын және құдағи жүзік)



**Вологодская Виолетта Александровна
младший научный сотрудник
отдела зарубежного искусства
ГМИ РК им. А. Кастеева
Казахстан, Алматы**

**НЭЦКЭ – КРУПИЦЫ ЯПОНСКОЙ ДУШИ.
ОБЗОР КИТАЙСКИХ И ЯПОНСКИХ НЭЦКЭ ИЗ СОБРАНИЯ
ГМИ РК ИМ. А. КАСТЕЕВА**

Техника *терме* казахскими мастерицами использовалась для создания *қызыл басқұр, қызыл бау, ковров алаша*, фризов для тканевых занавесок и ряде других, небольших безворсовых изделий. Особенность техники терме заключается в том, что в отличие от традиционного ткачества, где основа берется однотонная, а орнамент образуется за счет цветной уточной нити, ткацкий станок *ормек* заправляют цветной основой, заранее продумывая композицию. Утковая же нить остается скрытой, поэтому используют нити естественной окраски. При образовании основы этого вида ткачества для натягивания верхнего порядка нитей берется один цвет, а для нижнего порядка другой. Изнаночная сторона представляет собой пеструю фактуру в виде мелких пунктирных полос нитей основы и утка. Этот метод относится к числу переборных: с помощью палочки, называемой *теру ағаш* выделяют необходимые для узоров цветные нити и пропускают в образовавшийся зев утковую нить. Техника *терме* является одним из уникальных и красивых способов выявления орнамента.

Азербайджанская техника ткачества *килим* соответствует казахской технике *такыр* или *орама*. Это одна из распространенных двухсторонних техник *продольно-поперечного переплетения нитей основы и утка*. Такие ковры удобнее ткать на вертикальных станках.

Орнамент имеет ступенчатый абрис. Ее особенность заключается в том, что при создании орнамента по вертикали остаются прорезы по контуру рисунка, которые, однако, не нарушают целостности изделия. Прорезы остаются за счет того, что нить утка, доходя до границы рисунка, не соединяется со следующей нитью, а возвращается назад, обмотав нить основы. От этого произошло и название техники – орама значит обматывать. В Азербайджане такие ковры, сотканые из тонкой пряжи, использовались в качестве ширм, дверного полога в шатре. Отверстия в ковре пропускали свет. Мастерница, показывая этот метод ткачества, назвала его дырняк, то есть ноготь, объясняя это тем, что отверстия при ткачестве измерялись в ширину ногтя. Эта техника характерна для многих стран – Египта, Ирана, Турции, Средней Азии.

Такие техники как *зили* и *сумах*, с помощью которых азербайджанские мастерицы ткали безворсовые ковры, бытовали и у казахских мастериц в основном для создания не больших бытовых вещей – сумок, чехлов (561-тк). Поверхность изделия, сотканного в этой технике, имеет своеобразный рельеф на лицевой части, напоминающий ряды кос, плотно прилегающих друг к другу. Достигается этот эффект путем обматывания ниткой утка нитей основы в одну сторону и другую (*сумах*), либо только в одну (*зили*). Огибая крайнюю нить основы уток тянется к следующей и так далее. Размер косичек зависит от количества нитей основы, через которые обматывается уток. Эту традиционную технику стали использовать в ткачестве современных гобеленов.

Азербайджанская техника ткачества *шедде*, похожая визуально на вышивку, имеет сходство с казахской техникой *бескесте*. Кесте в переводе и означает вышивка. Бескесте – одноименное название безворсового постилочного ковра. За счет дополнительного цветного утка на поверхности образуется орнамент, путем перебрасывания нитей утка через несколько нитей основы в зависимости от характера рисунка.

Техники ворсового ткачества полностью совпадают у обоих народов, есть некоторые отличия в строении станков. Азербайджанские мастерицы, ткущие в музее ворсовые ковры используют, двойной узел. Казахские женщины применяли полуторный и двойной. Азербайджанские ковры отличаются более высокой плотностью вязки узлов, а так же использованием помимо шерстяной пряжи шелковой нити. В орнаментике присутствуют стилизованные изображения

животных, птиц, человека, мифических образов, что не свойственно традициям казахского орнаментального искусства.

«Ковровое искусство – ярчайший образец творческого наследия нашего народа – говорит Абульфас Гараев Министр культуры и туризма Республики Азербайджан. Понятие «ковроткачество» объединяет целый ряд важных видов художественной деятельности в сфере декоративно-прикладного искусства. Все они в совокупности отражают богатый духовный мир азербайджанского народа, его мировоззрение, религиозные убеждения, жизненную философию. В них находят воплощение историческая память, вековые традиции – все то, что определяет национальную идентичность» [4, С. 14].

«Сегодня основная задача, возложенная на нас – это сохранение азербайджанского коврового искусства как составной части всемирного культурного наследия, популяризация его во всем мире и передача будущим поколениям – высказывает свое мнение Мехрибан Алиева. [4, С. 9].

В Казахстане пока нет музея ковра, нет и музея казахского народного искусства. Эти музеи в будущем конечно необходимо создать. Наша соотечественница из города Шымкент Дана Эрик на протяжении нескольких лет коллекционирует ковры казахских мастериц. Коллекция Даны Эрик насчитывает шестисот с лишним казахских ковров XIX-XX вв., из разных областей Казахстана и на сегодняшний день является одной из богатейших коллекций по количеству и видовому разнообразию. Изначально Дана Эрик не собиралась становиться коллекционером, но приобретя для себя несколько казахских ковров, она поняла, что не сможет остановиться, и по сей день пополняет свою коллекцию, ища редкие экземпляры по Казахстану и за его пределами. *«Сейчас я могу уже отличить «ковровый почерк» моего народа. Они отличаются как внешне, так и каким-то внутренним содержанием, даже запахом. Я начала изучать казахский орнамент, различные композиционные схемы, символику цвета. Открыла для себя бесконечный мир красоты и созидания, мир, полный живого, творческого огня. В какие-то моменты мне даже казалось, что предо мной стали открываться тайны древности. Исследователей будущего ждет ещё немало открытий. Важно и необходимо всесторонне изучать ковер из уважения к прошлому и с любовью к будущим поколениям!* Дана Эрик переживает за каждый ковер, видя в

нем неповторимую историю, созданную искусными руками народных мастериц понимая, как важно оставить ковры на родине. Многие уже разошлись по миру, и мы рискуем потерять и последнее, что осталось. Ее коллекции вполне хватило бы на то, чтобы открыть музей ковра. На вопрос, почему это ее волнует, Дана ответила так: *«С тех пор, как была собрана некоторая часть коллекции, пришло осознание насколько важно сохранить эти драгоценные крупницы наследия для будущего поколения. Я стала ощущать за собой сонм бабушек, перед которыми я несу ответственность, словно завтра они с меня спросят»*. [7, С. 34, 35].

Предметы искусства, созданные народными мастерами всего мира, являют собой единое культурное пространство, в котором выражена потребность каждого человека творить. В прошлом творчество естественно и свободно входило в обиход каждой семьи, украшая, охраняя и пробуждая в людях чувства гармонии и красоты, способствуя эстетическому и духовному воспитанию.

Действенным инструментом в деле пропаганды и интеграции искусства Казахстана в мировое культурное пространство, а также в воспитании молодого поколения является музейная деятельность. Любая иностранная делегация в культурно-досуговой части своего визита имеет целью посещение музеев для знакомства со страной, через традиционные и современные образы искусства. Издание каталогов, альбомов и буклетов – это еще одна возможность познакомиться с коллекциями как экспонатов находящихся в фондах музеев, так и частных коллекций.

В заключении хочется привести высказывание Святослава Николаевича Рериха о значимости народного искусства в современной жизни, и подвести итог теме наших размышлений. «Только стремясь к чему-то лучшему и возвышенному, мы сможем возвыситься сами, вот почему становится очевидной первостепенная необходимость защищать и сохранять все неисчислимое наследие, оставленное нам прошлым поколением. Давайте ревностно и с любовью охранять дошедшие до нас творения всех великих людей» [8].

Список литературы

1. Интервью Ширин Меликовой для интернета издания «Москва-Баку». (<https://moscowbaku.ru/news/culture/direktor>

[azerbaydzhanskogo_muzeya_kovra_shirin_melikova_nam_udalos_vernut_unikalnye_karabakhskie_kov/](#)).

2. <https://azcarpetmuseum.az/front/ru/article/132>

3. Материалы о состоянии и развитии декоративно-прикладного и народного творчества в Казахстане. Союз художников КазССР. Г. Алматы, Государственный Архив РК Дело 526, связка 25 Начато в 1956 г. С.1-3

4. Азербайджанский музей ковра. Книга. Руководитель проекта Ш.Я. Меликова, Баку 2017 https://drive.google.com/file/d/1DSWmxISWwlhZvng-ejAcAY_v-Hze5eoS/view

5. «Ковры как искусство» № 2 2020 С. 20-23


<https://artcarpet.tk/artcarpet-artcarpet-2-2019/0191071001572871931>

6. Ройя Тагиева. Азербайджанские ковры интернет журнал Наследие, № 5(71) 2014 <http://irs-az.com/new/pdf/201411/1415195412910430764.pdf>

7. «Ковры как искусство». Интернет журнал № 3 2020 С.34,35

<https://artcarpet.tk/%D0%B6%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB-artcarpet-artcarpet-3-2020-%D0%A0%D0%A3%D0%A1/0853932001586774585>

8. С.Н. Рерих. Гуманизм – состояние ума и сердца. Текст лекции. <https://lib.icr.su/node/1914>



Лятыф Керимов основатель Азербайджанского
Национального музея ковра



Мастерица за ткацким станком в фойе
Азербайджанского Национального музея ковра




Фрагмент экспозиции Азербайджанского
Национального музея ковра



Художник отдела инноваций и сохранения традиций Тарель Баширов



Подписание меморандума



Мамытова Гүлзат Мұхтарқызы
өнертану магистрі
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
Қазақстан, Алматы

КИНОСУРЕТШІ ҚҰЛАХМЕТ ҚОЖЫҚОВТЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
(Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ ҚОРЫНАН)

Өнердің қай саласында болмасын киносуретшілердің шығармашылығы үлкен қызығушылық тудырады. Бейнелеу өнері, кино және театр сияқты ұзақ әрі күрделі процесстегі суретшілердің еңбегі шығармаларының санымен емес, сапасы мен көркемдік деңгейімен құнды екені даусыз. Киносуретшінің режиссер, актер, оператор және т.б. мамандар секілді ұжымдық топта, «шығармашылық ансамбльде» рөлі ерекше.

Қазақ киносы дара өнер ретінде қалыптасқалы талай суретшілерболды. Дегенмен, қазақ ұлттық киносының тарихында «кадр сыртында» қалған немесе зерттелінбей жүрген шығармашыл өнер иелері баршылық. Солардың ішінде, кино өнеріне еңбегі сіңген, шығармашылығы алуан қырлы суретшілердің бірі ретінде Құлахмет Қожықовты атауға болады. Құлахмет Қожықова. Ғалымбаева, Ы. Қарсақбаев, С. Романов, Ә. Сыдыханов сияқты Қазақстандағы алғашқы майталман киносуретшілердің бірі. Ол 1914 жылы Түркістанда дүниеге келген. Әкесі Қоңырқожа Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Санжар Асфендияров сияқты еліміздегі алдыңғы қатарлы мәдениет қайраткерлерімен қызметтес болған. Анасы – Ләтифа Мұңайтпасқызы тамаша халық шебері. Ата-анасының ел ішіндегі мәдени өмірмен етене жақындығы балалары Қожахмет, Құлахмет, Сұлтанахметтің кейінгі өміріне ықпалын тигізгені рас. Ағалары Қожахмет дарынды кескіндемеші, ал Сұлтанахмет 1969 жылы қазақ халқының лиро-эпостық поэмасы бойынша «Қыз Жібек» фильмін түсіріп, қазақ кино тарихында өлшеусіз мұра қалдырды.

Құлахмет Қожықовтың суретші ретіндегі шығармашылық жолы театрдан бастау алады. Ол 18 жасында Қазақ драма театрының суретші-безендірушісі болып қабылданады, онда «Еңлік-Кебек», «Ержүрек

Мстислав», «Абай», «Марабай», «Қазан үшін», «Хан-Кене», «Қызыл сұңқарлар» қойылымдарын безендіруде шеберлігімен танылды. Осы кезеңдерде ол өзін нағыз талантты театр суретшісі ретінде көрсетті. Өнер зерттеушісі Р. Құқашев ол жайында: «Натураға адалдық, «тарихилыққа» ден қоюшылық, өз халқының мәдениетін өте жетік білу, көрермен әсерлері қосындысынан ең өзіндік белгі мен маңызды жағын бөліп ала білу – міне, театр сахнасының суретшісі ретіндегі Қ. Қожықов шығармашылығының ең басты ерекшелігі», - дейді [1,7]. Сол сияқты Г.Н. Хрей: «Тұрмысты жақсы білуі, көрермендер көзқарасының ішінен ең мәнді, ерекше көңіл-күйдегі сипатын келтіре білуі Қ. Қожықовтың театр суретшісі ретіндегі шығармашылығындағы басты ерекшелігі», - деп жазады [2,4]. Бұдан түйіндейтініміз, оның шығармашылығындағы суретші ретіндегі жұмыс істеу әдісі, өзіне тән ерекше қолтаңбасы тәжірибемен қалыптаса бастады.

Суретшінің шығармашылық жолы 1941 жылы соғысқа аттануымен үзіліп қалады. Алайда, 1942 жылы үкіметтің шақыртуымен кері оралады. Осы сәттен бастап, суретшінің кино саласындағы еңбек жолы басталады. Бұл кезең соғыс жылдарында республикамызға көшірілген Алматыдағы Біріккен орталық киностудиясының қызметімен сәйкес келген еді. Ол осы студияда «Абай әндері», «Жамбыл», «Алдар көсе», «Домбыра үнімен», «Менің атым Қожа», «Атамекен», «Қыз Жібек» сынды фильмдердің қоюшы-суретшісі болып қызмет атқарды. Аталмыш фильмдердің қоюшы-суретшісі бола отырып, қазақ киносындағы ұлттық көркемсуретті фильмдердің жарыққа шығуына елеулі үлес қосты. Себебі, жоғарыда аталған фильмдердің барлығы қазақ киносының алтын қорына енген, классикалық деңгейге көтерілген қайталанбас туындылар.

Суретші М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» және «Абай» пьесаларымен жұмыс жасауда Абай тақырыбына қызығушылық танытып, әбден зерттейді. Ақынның туған жеріне барып, ұрпақтарымен танысады, ол туралы біршама мәлімет жинайды. Қазақ халқының ағартушысы, философы әрі сазгері ғана емес, өз заманының данасы болған Абайдың өмірі мен шығармашылығын тереңінен зерделеу арқылы, театр мен кинода, музыкада оның шынайы болмысын ашуға талпынады. 1943 жылдары Ленфильм, Мосфильм сияқты ірі киностудияларда «Абай әндері» фильмі бойынша еңбек етеді. Әрине, Абай көптеген суреткерлердің басты тақырыбы ретінде кеңінен зерттелді, әлі де

зерттеліп келеді. Дегенмен, қазақ бейнелеу өнерінде Абайға Құлахмет Қожықов көптеген шығармаларын арнады. Бұған кинотанушы Қабыш Сирановтың мына сөздері дәлел бола алады: «Абай Құнанбаевқа дәл осы Құлахмет көп шығармалар арнаған бейнелеу өнерде. Абай» операсына 21 парақ эскиз, декорация мен костюмге 23 парақ, фильмге 22 парақ, «Абай жолы» романына 5 иллюстрация жасады.

Қожықов Абай өлеңдеріне бірқатар иллюстрацилар жасайды. Олар қазақ халқының өмірін, болмысын бейнелейді. Қазақ ауылының тіршілігін сырттай бақылап қарап тұрған ақын бейнесі жоғарыдан төменгі ракурста алынған. Бұл Абайдың елінің келешегіне көз тастап, оны тағдырына аландаған кейпін танытса керек. Суреттерді салуда тушь пен қарындашты қолданды. Оның сызықтары дәлдігімен, ықшамды әрі бейнелілігімен ерекшеленді. Қожықов қазақ фольклорына деген көзқарасын «Қобыланды батыр» жырына, «Ер Тарғын» поэмасына эскиздерінде бейнелейді.

Кино саласында әр түрлі фильмдермен жұмыс істеу арқылы, суретші олардың көркем туынды ретінде әрбір бөлігіне назар аударады. Оның шығармашылығында Алдар көсе фильміне эскиздер топтамасы осындай қасиетке ие. 1964 жылғы Шәкен Аймановтың «Алдар көсе» фильмі қазақ киносындағы комедия жанрындағы кәсіби шеберлікпен түсірілген фильмдердің бірі. Суретші Қожықовтың қазақтың тұңғыш кинорежиссері Шәкен Аймановпен шығармашылық тандемі фильмнің бейнелік шешіміне, көркемдік деңгейіне әсер етпей қоймады. Суретші ретінде, Қожықов тарих пен ұлттық мәдениетті жете білетін, өз дәуірінің қаһарманы Алдардың бейнесін сол көркемдік ортамен біте қайнатып, өзара бірліктегі тамаша эскиздерді жасады. Әсіресе, фильмнің бірқатар оқиғалары өтетін Түркістан қаласының көрінісі – фильмдегі ең маңызды, бейнелік қатарды құрайтын тұсы еді. Басты кейіпкер Алдардың халық аңыздарында айтылатындай айлакерлігі мен феодалдық таптың езгісіндегі халықтың өмірін жақсартуға деген талпынысы, жанашырлығы, күрестері мен ақылды әрекеттерін ашып көрсететін оқиғалардың басым көпшілігі осы Түркістан қаласында, сайып келгенде қазақ даласында өтеді. Айтқымыз келгені, осы қала мен даладағы оқиғалардың атмосферасы, көңіл-күйі суретші Қожықовтың эскиздерінде сайрап жатыр. Фильмдегі Түркістан базарындағы көрініс – әр түрлі жемістер, тағам түрлерін сатып тұрған саудагерлер, базардың қайнаған өмірі мен соның ішіндегі адамдардың бейнелері, әрекет-

тері сол заманның өмірін көз алдымызға алып келеді. Фильмдегі дәл осы көрініс суретшінің эскизінде бейнеленгендей көрініс табады, тек айырмашылығы кино өнерінің аудиовизуалдық ерекшелігімен көз алдымызда «тіріледі». Бұл «Алдар көсе» фильміне арналған «Түркістан қақпасы» эскизі болатын.

Фильмдегі Түркістан қақпасы мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі көңілді екпіндегі базар бейнесімен мағыналық жағынан біртұтастылыққа ие болып, халық өмірінің бір көрінісін шебер бере білді. Сондай-ақ, фильмдегі «Той ауылы» мен «Кедей ауылы» көріністерін алайық. Бір қарағанда, екеуінде де қазақ ауылының нағыз бейнесі бейнеленеді. Бірақ, екі ауылдың атмосферасы арқылы суретші олардың оқиғасын беруге тырысады. Мәселен, «Той ауылында» кең байтақ қазақ жеріндегі көсіліп жатқан төбелердегі салтанатты ақ үйлер, мыңғыраған мал, қазан-ошақ жағалаған тойға дайындық үстіндегі ақ жаулықты аналар, сөредегі құрт пен жалындаған отқа дейін барлығы бүге-шігесіне дейін суреттелген. Суретші тіпті бұл көріністі табиғаттың сұлулығымен бірге бейнелейді. Осы арқылы ауқатты байдың ауылын көрсетеді. Ал, келесі «Кедей ауылындағы» көріністі кешқұрым уақыттағы күйбең тіршіліктегі қара халықтың тұрмысымен сипаттап көрсетеді. Мұнда, той ауылындағы байдың ақ үйлерінің орнында қараша үйлер, тіпті қонақтап отырған қарғаларды да осы өмірмен бірге суреттейтіндей. Қызарып батқан күннің аясындағы кедей ауылының әрбір элементін суретші нақты әрі дәл бейнелейді.

«Алдар көсе» фильмінде қоюшы-оператор болған Марк Беркович өз күнделігінде: *«Алдар көсе» фильміндегі картинаның екпінді тұстарының бірі Түркістан базарындағы көрініс болатын. Ол Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі жанынан орын тепкен базар еді. Кино түсіру кезінде бұл көне ескерткіштерді қайта қалпына келтіру жұмыстары әлі басталмаған еді. Сонда алыс дәуірді өз атмосферасымен, жанданған көңіл-күймен, сауда-саттық жасап жүрген жандардың күллі алабажақ, алуандылығын қалпына келтіру үшін қаншама тарихи болжағыштық танытты десеңізші?! Оның сәулет өнерін егжей-тегжейлі зерттеп жасалған эскиздерін Шәкен Айманов ризалықпен бекіткен еді», - деп жазған болатын [1,8]. Бұл Құлахмет Қоңырқожаұлының киносуретші ретіндегі шеберлігін танытса керек. Екінші жағынан, кино өнерінің табиғаты мен ерекшелігін тереңінен түсінуге, өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпалын тигізді.*

Қожықовтың шығармаларға эскиздерінде шығыстық мәнер айқын аңғарылады. «Алдар көсе» фильміне «Түркістандағы шайхана» көрінісінде шығыс мәдениетінің, шығыс өмірінің бояуын айқын аңғаруға болады. Жуанбай сияқты бай-шонжарлардың шалқыған өмірі, кедейлердің тұрмысына қарама-қайшылықта алынып, Алдардың әрекеті арқылы әжуаланады. Бірақ бұл, комедиялық фильмнің болмысы тұрғысынан әдемі өрбітіледі. Суретшінің эскизіндегі шығыстық тапшан көрінісі фильмде көңілді әуен ырғағында беріледі. Сондай-ақ, «Керуен сарай» көрінісінде де көшпенді халықтың бейнесі сарайдағы қарауда тұрған жылқылармен, олардың арбасымен көрсетіледі. Қаладағы қайнаған тіршілік суретшінің композициясында үйлесімді көрініс табады. Осының барлығы Ш. Аймановтың «Алдар көсе» фильмінің көркемдік құндылығын арттыра түседі.

Орта Азия мен Қазақстанның төртінші кинофестивалінде «Алдар көсе» фильміндегі тамаша бейнелеу шешімі үшін арнайы жүлдеге ие болды, ал Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанындағы декорация «Қазақфильм» киностудиясы тарихындағы ең керемет декорация болды.

Сонымен, Алдар көсе фильміне жасаған эскиздері көріністердің тарихи дәлдігімен, бояу қанықтығымен әрі шындықпен жанасуымен ерекше. Ол әрбір парағында ұлттық нақыштың шекарасынан шықпайды, сол арқылы ұлтының мәдениетін, өзіндік бірегейлігін көрсетуге тырысады. Себебі, көрермен көріп жүрген фильмдердің бейнелік тұсының негізгі бөлігі суретшінің қолынан шыққан бейнелерден құралған.

Киносуретші ретінде Құлахмет Қожықов «Жамбыл», «Коунрад кеншілері», «Біз Жетісуданбыз», «Алмастан да қатты», «Гаухартас», «Атамекен», «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» фильмдеріне бірқатар эскиздер жасады. Әрбір шығарманың табиғаты мен болмысын, мағынасы мен айтар ойын дөп басып, көрермен жүрегіне жол тартатындай көркем етуді мақсат тұтты. Суретшінің Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің қорында сақтаулы еңбектерінің ішінен кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» фильміне жасаған бірнеше эскиздері бар. Мұнда суретші қазақ балалар киносының классикасына айналған фильмде «Қожаның үйі», «Бөлме», «Сельпо» және т.б. көріністерді жасайды.

Көрерменнің жадында сақталып қалған Қожаның үйі – кеңестік

кезендегі қазақ халқының біршама өзгеріске ұшыраған бейнесін көрсетеді. Ұлттық құндылықтары мен мінез-құлқы сақталған, бірақ өмір сүру салтының кейбір өзгешеліктері бейнеленеді. Мәселен, «Бөлме» көрінісінде жерге жантайып жататын қазақтың кәдуілгі биік үстел мен орындыққа тұрмыстық икемделуін байқаймыз. Жерге төселген оюлы алашадан қазақ халқының әлі де өзіндік дәстүрін ұмыта қоймағанын көреміз. Көшпенді халықтың отырықшыға айналуы, кеңестік орыс халқының «тамының» көрінісі мен колхоздың, техниканың өркендей бастауы жалпы алғандағы сол дәуірдің бейнесін береді. Ал осындай мәдениеттер тоғысқан фильмнің бейнелік тұсы киносуретші Қожықовтың эскиздерінде шеберлікпен көрініс тауып, көгілдір экранда сәтті шығады. «Сельподағы» әйнектің арғы жағынан көрінетін дүкен іші де суретші тарапынан жалт-жұлт етіп, көздің жауын алатындай әдемі бейнеленген. Қожаның үйі ауылдың әдемі жерінде, биіктеу орналасқан. Үйінен сабағына Қожаның төменге қарай асыға жүгіруі, немесе үйіне оралғанда алыстан қараңдап көрініп, үйге қарай аяңдау сәтінфильмнен көріп жүрміз. Осы тұста Қожаның үйі режиссердің таспалауында дәл сол қалпында алынғанын байқаймыз. Демек, үйдің бейнесі режиссердің ойын жүзеге асыруға сәйкес келеді әрі бұл режиссер мен суретшінің шығармашылық ойларының бірлігін көрсетеді.

Қожықовтың шығармашылығында маңыздылығы басым, ішкі шабыты мен арманынан туындаған эскиздері «Қыз Жібек» фильміне арналды. Суретшінің қызы Сәуле Қожықова өз естеліктерінде: «Оның өмір бойғы арманы «Қыз Жібек» эпосын экранға шығару болатын. Осы фильмде көшпенділердің өмірін кеңінен тұтас қамтымақ болды. Акварель және қарындашпен нәзік сұлу Жібек пен Төлегеннің киімдерінің эскиздерін салды. Пейзаждар мен киіз үй, оның ішіндегі жасауын жасады. Оны кино кадрларына бөлді. Бір сөзбен айтқанда, эскиздері кезек-кезегімен ұзақ түсірілген өз фильмін жасады», - дейді. Бұл фильмге арнап суретші өз туындыларын жаза бастағанымен, ақыры соңында фильмнің қоюшы-суретшісі бола алмады. Бірақ, ең маңыздысы, ол халық жырына деген махаббаты мен шабытын, ұлтының тарихы мен дәстүріне деген көзқарасын қағазға түсіріп кетті. Музей қорындағы «Қыз Жібектің күймесі», «Жібектің Төлегенмен некелесуі», «Төлегеннің тобы» сияқты эскиздері ұлттық нақыштағы, тарихи шындыққа жанасатын бейнесімен ерекше.

Кейіннен, 1955 жылы «Қазақфильмде» кинорежиссер М.

Бегалиннің «Бұл Шұғылада болған еді» фильмінде қоюшы-суретші болып қызмет атқарады. Суретшінің туындылары М. Әуезов атындағы музейде, Абай атындағы опера және балет театрының музейінде, Семейдегі Абай атындағы музейде, Павлодардағы Кеңестік өнер музейінде сақтаулы. Сондай-ақ, оның еңбектерінің біразы өзі директор болған Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің қорында сақтаулы. Соның ішінде, С. Қожықовтың «Біз Жетісуданбыз» фильміне «Ташкент тас жолы», «Ерттеулі тарпан», «Виноградовтың пәтері», «Байдың отауы», кинорежиссер А. Карповтың «Алмастан да қатты» фильміне «Жерасты зертханасы» эскиздері.

Қожықов Қазақстанның ұлттық қолданбалы өнерін зерттеуде теңдессіз үлес қосты. 1958 жылы оның сценаріі бойынша «Қазақтың ұлттық қолөнері» атты ғылыми-зерттеу фильмі түсірілді. 1978 жылы Қазақстанда алғаш рет Республикалық қолданбалы өнер музейінің негізін қалады. Оның ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізге қалдырған мұрасы қазақ бейнелеу өнеріндегі зерттелінбей келе жатқан киносуретшілеріміздің шығармашылығын қайта зерделеуге жол ашады.

Қарап отырсақ, Қожықовтың киносуретші ретіндегі басты ерекшелігі – туындыларында ұлттық нақыш пен деректілік басым, сызықтардың нақтылығы мен жинақылығына қарамастан, бейнелері динамикалық әрі мазмұнға толы. Суретшінің нобайларында өз халқының әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен дәстүріне деген сүйіспеншілігі байқалады. Ол қандай жанрдағы фильм болмасын, білек сыбана кірісіп, сол заманның шындығы аясында айқын бейнелейді. Себебі, ол суретші ретінде ғана емес, өз ұлтының азаматы ретінде ұлттық өнерді жоғары қояды. Қожықов өз замандасы, қазақ ұлттық киносының негізін қалаушы, актер, режиссер Шәкен Айманов сынды театр мен кинода қатар еңбек етіп, оның шарықтап дамуы үшін сүбелі үлес қосты. Ол аталған өнер түрлерінің қай-қайсында болсын аянбай еңбек етіп, ұлттық өнердің қалыптасуы мен дамуы жолында дарындылығын, қайраткерлігі мен нағыз кәсібилігін таныта білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құлахмет Қожықов каталогы. Алматы, 2009
2. Құлахмет Ходжиков. Графика. Алма-Ата, 1976
3. История казахского искусства. Алматы, Арда 2009
4. NomadKazakhstan// Алматы, 2006

Нугуманова Шолпан Мухамедкалиевна
Руководитель отдела
экскурсионно-лекционной работы
ГМИ РК им. А. Кастеева
Казахстан, Алматы

ЗВУКИ СТОЛЕТИЙ

Данный доклад посвящен отдельным экспонатам, находящиеся в постоянной экспозиции ДПИ, разделу по изготовлению деревянных изделий, а именно музыкальным инструментам из фонда ГМИ РК им. А. Кастеева.

Общее количество музыкальных инструментов, в коллекции музея более 10 единиц. В основном, это народные казахские музыкальные инструменты – домбра, кобыз, шертер.

Музыкальные инструменты относятся к 19-20 веку, как и все экспонаты ДПИ Казахстана, где работы казахских народных мастеров встречают всех гостей музея.

Экспонаты поступили в музей по разным причинам. Некоторые мастера агаш уста предоставляли в дар музею свои работы, другие были собраны научными работниками в экспедициях с разных регионов Казахстана, при образовании музея ДПИ в 1970 году.

Мы все знаем, что музыкальные инструменты, для всех народностей являются неотъемлемой частью мировоззрения, которая сопровождает, во всех значимых жизненных событиях человека.

Музыка, прежде всего – это культурное богатство народа. Через музыку можно передать внутреннее состояние человека, радость ли это или скорбь! Это то наследие, которое передавалось испокон веков, через тысячелетия.

Казахский народ внес свою лепту в развитие музыкального жанра, поэтому, он имеет свою богатую традицию, разнообразие музыкальных инструментов.

У казахов есть замечательная поговорка – нагыз казак казак емес, нагыз казак домбра. В общем смысловом переводе – домбра, является истинным казахом.

Домбра была распространена с древности. Об этом говорят различные археологические находки, наскальные рисунки - петроглифы, обнаруженные в Алматинской области, с изображением танцующих людей и домбры. Этот фрагмент наскального изображения находится в музее музыкальных инструментов им. Ыхласа в Алматы.

Ученые относят это изображение на камне к эпохе периода неолита, т.е. к каменному веку, когда еще не появилась письменность человечеством.

И сегодня, домбра является актуальным, народным классическим инструментом профессиональных современных музыкантов – инструменталистов.

Немало истории и легенд таит в себе этот инструмент. Можно сказать, что это целая «философия» жизни, быта, традиции и истории народа.

Люди с древности обожествляли домбру, а также исполнителей домбристов. Строение домбры сравнивают со строением анатомии человеческого тела.

Домбра, как и человек, имеет бас (голову), еки кулак-две ушки, (колки) которые настраивают струны, далее идет мойын (гриф или шея), где расположены лады – перне. У каждого перне свои нотки, а нижняя овальная форма соответствует дене – форме тела. Круглое отверстие резонатор, служит для извлечения гармоничного звука. Ниже резонатора находится пупок (киндик). На нее обматывают струны, затем, для дополнительного звукоизвлечения на улкен тиек (опора) садят струны (ишек), которая имеет свои нотки, нижняя струна – нотка соль, верхняя струна – нотка ре. Далее, струны натягивают вдоль грифа (шеи), и фиксируют в ушках (кулак). Голову (бас) и шею (гриф) соединяет кишкентай (маленький) тиек.

Изначально, домбру и другие деревянные музыкальные инструменты изготавливали в основном, из таких гибких, мягких, послушных пород деревьев, как агаш, кайын (береза) и дерево джигиды, которые росли на определенной территории или регионе.

После срезки, их сушили, делили на тонкие доски или пластины, из этих досок создавали форму инструмента, склеивая специальным клеем.

В лицевой части – бет какпак, мастера использовали кожу животного, дополнительно фиксируя путем сшивания нитками. Из

веток дерева изготавливали (биз) шила, с острым концом, с его помощью прокалывали отверстия, для прошивки. Покрытие из кожи, при игре придавало приглушенное, бархатистое звучание инструменту. Также мастера в лицевой части домбры, использовали деревянные покрытия.

Агаш уста изготавливали и цельные инструменты, когда из цельного куска дерева, вырезали или выдалбливали форму домбры.

Формы инструментов были разной конфигурации и имели свои названия, например,; козы куйырык (козий хвост), калак домбыра или доңыздын пишини и т.д.

Струны (ишек) использовали из внутренностей животных, овечьих или козых кишков, их чистили, сушили, затем натягивали на инструмент. Но, ими долго невозможно было пользоваться, так как струны быстро изнашивались, мастера их часто меняли. Это было естественным процессом для них.

Раньше, музыкальные инструменты были небольшой формы, которую наглядно можно увидеть в постоянной экспозиции ДПИ, данный экспонируемый музыкальный инструмент домбра 19 века. Это объясняется тем, что тогда народные артисты – это были известные в округе музыканты, народные композиторы певцы – их называли сал, сери, из-за не близкого расстояния гастролировали по аулам на конях. Свои небольшие инструменты помещали в специальные переметные сумы – коржыны, закидывали на спину через плечо, тем самым освобождая руки для управления конем. Мы можем вспомнить знаменитых народных композиторов певцов – Акан сери, Биржан сал и многих других.

Современная домбра, усовершенствованная, видоизмененная, более крупной формы. Этому способствовал известный композитор, дирижер, просветитель казахского музыкального искусства Ахмет Жубанов. В период 30-40-х годов 20 столетия, в Алма-Ате создавались оркестры народных музыкальных инструментов им. Курмангазы, в Консерватории им. Курмангазы открыли факультет народных инструментов, и, конечно же, нужны были другие формы домбры, кобыза, для созвучия с разными инструментами в оркестре.

А. Жубанов приглашает из России тульских музыкальных мастеров, братьев Романенко. Усилиями местных мастеров агаш уста, как Камбар Касымов и другие, а также приглашенных российских мастеров, разрабатываются дизайн и звучание инструментов. Тогда и

были созданы разновидности домбры и кобыза.

Взяв за основу домбру-приму (одна из разновидностей домбры) имеющую 12-13 ладов (перне) размеры и форму переделывают на 19 ладовую домбру, удлиняя гриф, дополняя лады перне. Соответственно меняется размер формы. На усовершенствованных инструментах могли играть в оркестрах не только классические, европейские произведения, но и исполняли народные кюи.

Формы и лады музыкальных инструментов в Казахстане делятся на регионы, т.е на разные формы. В Западном регионе домбры были 15-13 ладовые, а в Восточных, Южных и Северных регионах, инструменты были 7-9 ладовые, потому что музыканты этих регионов играли в основном шертпе кюи (т.е. путем пощипывания струны правой руки) или же певцы пели Аркинские песни – Арка андери, лирического характера.

В Западном регионе 13-15 ладовые, были предназначены, например, для терме – это вокальная форма народного искусства, где использовалась горловое пение, и кюи – токпе, когда музыкант играл взмахами кисти правой руки.

Таким образом, мастера дизайнеры оставляют стандартную форму Западного региона, добавив дополнительные лады, тем самым расширяя диапазон звучания из-за длинного грифа 19 ладов, а также заменили струны животного характера на рыболовные лески, это было оптимальным вариантом, лески созвучны другими инструментами в оркестре, при исполнениях классических произведений. Но лески, утратили тот неповторимый тембр бархатистого, томного звучания.

Музыкальные инструменты инкрустировали верблюжьей костью, серебром, металлом, драгоценными и полудрагоценными камнями. Узоры на инструментах представляют зооморфные, геометрические, растительные группы.

Технология верблюжьей кости такова: ее долго варили, в течение суток и более, извлекали жир, выделенный из костей. Кость становилась белой и мягкой по консистенции, и в тоже время, она быстро остывала. Мастер за короткое время должен был сделать пластины, разной конфигурации, надрезы и узоры, украсить деревянные предметы, будь это кровать, сундуки, шкафчики и музыкальные инструменты. При инкрустации использовали клей.

Откуда брали клей? Шерсть из головы и конечностей животного

осмаливали или опаливали огнем. Затем долго варили в воде, чтобы кожа (куйка) стала мягкой, прилипало к рукам. Эту консистенцию (кожу) сдирали или срезали с основания, сушили на солнце до твердого состояния. В процессе применения, размягчали на водяной бане. Этой жидкостью клеили кости, серебро и дерево. Склеенное готовое изделие сушили под солнцем или в теплом месте, которое застывало как камень. Были и другие способы использования клея. Иногда, для дополнительного закрепления прибавляли деревянным гвоздем.

Почти таким же способом изготавливали другие музыкальные инструменты, как кобыз, шертер и др.

Шертер – трехструнный музыкальный инструмент, на нем играют с помощью медиатора.

Ни один музыкальный инструмент не создан без истории и легенды. Легенда, это не имеющая временного ограничения рассказ, передающая из уст в уста.

В древние времена жил молодой джигит-охотник, который охотился высоко в горах, в густых зарослях караолке на горных козлов маралов. В народе их называют бугы.

Однажды, во время охоты, он поднялся высоко в горы. Притаившись среди густых зарослей, он увидел марала, ему удалось застрелить его из лука. Охотнику было трудно спуститься с тушей животного с горных вершин. Чтобы облегчить свою ношу, он вынул внутренности животного и благополучно вернулся домой. С тех пор прошло немало времени, охотник решил выйти на свой промысел. Джигит, собрав свои снаряжения, вновь отправился на охоту. Он поднялся на то место, где когда-то застрелил свою добычу. Охотник, залез на самую высокую вершину и тихо затаился в зарослях. Легкий горный ветер теребил ветки деревьев и кустов. Вдруг, он уловил манящий пронзительный мелодичный звук. Подойдя ближе к дереву, увидел засохшие от ветра внутренности марала, висевшие на ветках. Наверное, это птицы, поклевав кишки животного, разбросали их повсюду, цепляя за ветки деревьев и кустов, подумал охотник. Он увидел, что при дуновении ветра, ветки начинают колебаться, а тонкие высохшие от ветра и солнца кишки, словно струны инструмента, издают тот манящий мелодичный звук, передавая мелодию природы. Когда ветер набирал силу, ветки деревьев начинали колыхать быстрее, и в такт ветру струны издавали звуки похожие на бег коней, скачущих по бескрайним степям, а когда

затихал, в звучаниях можно было услышать пение птиц и насекомых.

Разное состояние одолевало джигита. Природа, словно сама подсказывала ему, что делать. Охотник принес их домой, вырезал из дерева форму домбры, натянул на гриф кишки (струны). Когда он прикоснулся к инструменту, струны словно заговорили с ним. Слушателям понравилась мелодия, которую сыграл джигит, с тех пор этот инструмент люди стали называть домброй.

Также, в экспозиции ДПИ находится экспонат 19 века – кыл кобыз, древний казахский деревянный двухструнный смычковый музыкальный инструмент, инкрустирован верблюжьей костью, и украшен металлическими подвесками. Струны сделаны из конских волос, придающий инструменту густой, богатый обертонами тембр. Отсюда и название кыл – конский волос. Существует кобыз более крупной формы нар кобыз – нар – одногорбый верблюд. В усовершенствованном современном приме-кобызе, применяют металлические струны, как в скрипичных инструментах.

С кобызом связана легенда о легендарном старце Коркыт ата, который искал бессмертие. Он не мог смириться со скоротечностью жизни. Куда бы Коркыт не направлялся, везде видел смерть. А он побывал во всех четырех сторонах света. Куда бы он ни приходил, его ждала вырытая могила. Коркыт решил уйти от людей в горы. Но природа, поведает ему о предстоящем разрушении. Тогда Коркыт взял корень дерева, выдолбил из него музыкальный инструмент и заиграл на нем первые казахские кюи. Этим он хотел сказать, что бессмертие остается в искусстве. Так оно и есть. Сколько бы веков ни прошло, но современные музыканты, до сих пор исполняют произведения Коркыт ата.

Все жанры и виды искусства связаны между собой. В стенах музея звучат звуки домбры, кобыза, и других музыкальных инструментов.

Известные казахстанские музыканты и этно-группы выступают в залах музея. Их музыка в унисон звучат с произведениями изобразительного искусства.

Также, музей искусств им. А. Кастеева проводит интересный проект, как «Ожившие картины». С «ожившей» картины А. Черкаского – «Портрет Дины Нурпеисовой и Д. Джабаева» звучит кюи известной домбристки Дины шеше, «Навои».

Дина Нурпеисова и Джамбул Джабаев, а также великий Курмангазы,

своими произведениями, внесли огромный вклад в музыкальное домбровое искусство.

Эволюционно усовершенствованные, а также сохранившиеся с древности музыкальные инструменты продолжая свой своеобразный путь, одновременно воспитывают в человеке уважения к культуре, традициям и в то же время несут в массы сохранения исторического культурного наследия прошлого!

Список литературы

1. Джанибеков У. Д. ЭХО. Алма-Ата, Онер. 1991-304с.
2. Тажимуратов А. Шебердин колы ортак. Алматы. Казахстан 1977-96б.
(агаш туралы – 64-66б.).
3. http://www.bilu.kz /instrumenty_2php
4. Б.Ш. Сарыбаев Казахские музыкальные инструменты. Алма-Ата, 1987 – 174с.
5. Хорнбостель Э. Заметки о киргизских (казахских) музыкальных инструментах и мелодиях. Ред. А. Самаркин. Уральск, 2003.







**Самал Мамытова,
Ә. Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік өнер музейінің
«Қазақстан бейнелеу өнері»
бөлімі кескіндеме секторының
жетекшісі, өнертану магистрі
Қазақстан, Алматы**

АЙША ҒАЛЫМБАЕВА – КИНОСУРЕТШІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОСТЮМ БІЛГІРІ

Айша Ғалымбаеваның өнері сан қырлы. Ол қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық тақырыпты жырлайтын дарынды кескіндемеші ғана емес, сонымен қатар киносуретші, әрі қазақтың ұлттық киімдерінің үлгісін жасаған бірегей тұлға. Суретшінің қазақ кинофильмдерінде жасаған эскиздері мен костюм үлгілері оның өзі өмір сүрген кезеңдердегі «уақытты жазып алуымен» пара-пар. Осы орайда, оның қоюшы-суретші, безендіруші, костюмдер авторы ретіндегі еңбектерін қарастыру бүгінде аса маңызды. Себебі, ол тұңғыш киносуретшілердің бірі ретінде еліміздің кинематография саласында сара жол салды.

Ол «Абай әндері» киносценариіне декорациялар, костюмдер мен кадрлар көрінісінің эскиздерін, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Махаббат туралы дастан», «Шабандоз қыз», «Бұл Шұғылада болған еді», «Дала қызы» кинофильмдеріне костюмдер эскиздерін жасаған. Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановқа арналған «Оның уақыты келеді» кинофильмінің түсірілу кезінде қазақ тұрмысы және костюм бойынша кеңесші болып қызмет атқарады. Суретшінің кино өнері саласындағы осындай қажырлы еңбек етуіне оның кәсіби білімі мен төл тарихын жете білуі ықпал етті.

А. Ғалымбаева Алматы театр-көркемсурет училищесін, кейіннен Мәскеудегі Бүкіл одақтық кинематография институтының сәндік-көркемсурет бөлімін тәмамдаған. Оған белгілі суретшілер Ю. Пименов, П. Котов, Ф. Богородскийлердің шеберханаларында білім алудың сәті түсті. Әйгілі кинорежиссер Сергей Юткевич пен бірге жұмыс істеу оның шығармашылық көзқарасының қалыптасуында ерекше рөл

атқарды. Оқу орнында ол фильмнің көркемдік-сценографиялық образын ашып көрсету, кадрды композициялық тіркеу, сюжет қақтығыстарын көркемдік құралдармен көрсетуге баса назар аудару, тұлғаның дәлдігі мен шынайылығын сақтау сынды кинематографиялық көркемдік әдістерді үйренді.

Суретшінің кино өнеріндегі ең алғашқы жолы, әрі дипломдық жұмысы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының жалғасы іспетті, режиссер Г. Рошальдің «Абай әндері» фильмінен басталған еді. Бұл күллі қазақ ұлтының ағартушысы, хакімі әрі философы Абай Құнанбайұлының бейнесін ғана емес, барша қазақ ұлтының болмысын, мәдениеті мен өмірін көрсеткен шығарма болғандықтан, суретші Абай әлемін, оның руханиятын қайта тану үшін, қайта аша түсу үшін көп еңбектенеді. Дәл осы шығармада А. Ғалымбаева киносуретші әрі ұлттық киім білгірі ретінде жан-жақты танылады. Бұл кезең екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орын алады. Мәскеудегі киностудиялардың Алматыға көшіп келуі үлкен құбылыс болып, қазақ киносының жаңа баспалдаққа өтуіне дем береді. Кинотанушылардың тарихта ЦОКС кезеңі деп атап кеткен уақытында жарыққа шыққан фильм, бір жылдан соң, 1945 жылы Абайдың 100-жылдығына тұспа-тұс келген еді. Сондықтан да, бұл өз кезегінде қазақ мәдениеті мен өнерінде үлкен құбылыс атанды.

Үлкен жауап кершілікті қажет ететін тақырыптың маңыздылығы мен мен тереңдігін түсінген суретші материалдар жинау бойынша үлкен жұмыс атқарады. Ол Абайдың отанынына барып, сол елдің табиғатының, тұрмыстық көріністерінің, ұлттық киімдерінің көптеген суреттерін салады. Сөйтіп, нәтижесінде осы тақырып бойынша екі жүзден астам эскиздер орындайды. Сонымен қатар, сол дәуірдің көрінісін шынайы, нақты беру үшін мұрағаттық материалдарды, сақталған фотосуреттерді зерттеп, Алматы және Мәскеу қалаларының кітапханаларында көп уақыт өткізеді.

«Абай әндері» фильмінің оқиғасы Абай бейнесін, оның болмысын надандық пен көре алмаушылық, ішітарлыққа жаны қас қазақ ұлтының жанашыры әрі сол қоғамдағы жарық сәулесі ретінде береді және мұнда кино суретшісі А. Ғалымбаеваның еңбегі зор. Себебі, мұндағы Абай бейнесі ғана емес, барша атмосфера суретшінің көзімен, оның көзқарасымен суреттеледі. Абайдың шәкірттері, ауыл көріністері мен тұтастай сюжет суретшінің ішкі қайнаған әлемінен, ой елегінен сараланып шығады. Абай бейнесі басты кейіпкерге қарағанда, негізгі

адамгершілік таразысы іспетті. Абай арқылы, осы «адамгершілік таразысы» арқылы көрермен өз ақиқатына ие болады. Киносуретші А. Ғалымбаева әрбір кейіпкердің мінез-құлқын, оқиғаның атмосферасын идеялық және психологиялық тұрғыда айқын суреттейді. Мәселен, фильмдегі жағымсыз кейіпкер Шәріп бейнесінің сыртқы көрінісін оқиғаға сай қу, іші тар, арам ойлы екенін шапанының алалығымен бейнелейді. Шәріп бейнесін белгілі актер, режиссер Шәкен Айманов сомдайды.

Фильмдегі драмалық оқиғалар, кейіпкерлердің өзара тартыстары суретші композицияларында түстік шешімдермен өзара байланыста кәсіби түрде шешімін табады. Мәселен, Абайдың сүйікті шәкірті Айдардың шарифат жолын бұзды деп, қатаң жазлануына салынған эскиз оқиғаның драмалық шиеленісуін нанымды суреттейді. «Абай әндері» фильміне жасаған эскиздерінің ішінде «Қорған», «Қадірдің (Айдар) өлімі», «Абай шабыт үстінде», «Отау үй», «Айтыс» еңбектері автордың идеясымен астасып, оның мазмұнын үдете түседі. Мәселен, «Отау үй» туындысында жинақы киіз үй ішінде төрт әйелдің қызыл матаны жайып отырған сәті бейнеленген. Мұнда қалыңдықтың көйлегі, ақ кимешек киген әйелдер суреттеледі. Бұл жай ғана қарапайым көрініс сияқты көрінгенімен, терең мағынаға ие ұлттық салт-дәстүр жөнінен мағлұмат береді.

Киносуретші ретінде А. Ғалымбаева Абай әлемімен тығыз қарым-қатынас орнатады. «Абай әндері» фильмі оған кинодағы алғашқы тәжірибе ғана емес, поэтикалық Абай бейнесін бейнелеу өнерінде жаңаша мәнерде жасауға, жаңғыртуға негіз болады. Мұнда Ә. Өмірзақова, Ш. Айманов сынды дарынды саңлақтармен бірге еңбек етеді. «Абай әндерінен» кейін, суретші «Қозы Көрпеш Баян сұлу» киносценарине декорация эскиздерін жасайды.

1954 жылы суретші режиссер Ш. Аймановтың «Махаббат дастаны», 1955 жылы режиссер П. Боголюбовтың «Шабандоз қыз» және режиссер М. Бегалиннің «Бұл Шұғылада болған еді» фильмдерінің костюмдеріне эскиздер жасайды. Сондай-ақ, М. Бегалиннің Ш. Уәлихановқа арналған «Оның уақыты келеді» фильмінде костюм бойынша кеңесші болады.

«Шабандоз қыз» фильміндегі басты кейіпкерлер Ғалия, Айдар, Аңғарбайдың бейнесі мен костюмдеріне эскиздер жасауда суретші түске баса назар аударады. Әрбір кейіпкердің бейнесі мінез-құлқы,

мазмұнға сай іс-әрекеттері олардың костюмдерінде шешімін табады. Колхоз жылқышысы Айдар мен жылқы зауытының бас жылқышысы Галияның махаббаты арқылы кеңестік тұстағы бірқатар мәселелер көрініс тапқан, аталмыш фильмде ер және әйел адам, егде кісілердің костюмдері кеңінен көрініс табады. Мұндағы костюм үлгілерінің көркемдік құндылығы мол, әрбір детальдарға аса мән берілген. Осыған қарап, суретшіні қазақ халқының дәстүрі мен болмысына ерекше құрметпен қарайтын, оның өмір сүру салты мен тарихын тереңінен меңгергендігін байқауға болады. Ол: «Сурет салуға деген ықыласым өте артып жүр. Өз халқымның өмірінен үлкен шығарма жазсам ба деп ойлаймын. Тақырыптық кариналарды аса керек етіп тұрған уақыт қажеттілігі менің ойыма сай келеді. Неден, қалай бастарымды білмей жүрмін. Студентке үлкен шығармаларды қалай жасауды ешкім де оқытпайды ғой. Бірақ мен оны қарау, іздену үстіндемін», - деген пікірі мақсаты айқын, талғамы қалыптасқан суретшінің ойы еді. Оның жан-жақты ізденістері фильмдер, костюм эскиздерінде айқын көрінеді.

1966 жылы А. Ғалымбаева режиссер Ш. Айманов, К. Гаккельдің «Дала қызы» фильміне эскиздер жасайды. Аталмыш фильм Кеңес өкіметі тұсындағы бай мен кедейдің, жалпы адамдардың өмірін суреттейді. Ескіліктің жолынан құтылып, жаңа өмірге аяқ басқан қазақ әйелінің білім алып, қоғамда өз орнын іздеуге ұмтылуы Нұржамалдың бейнесі арқылы жиынтықталып беріледі. Бір айта кетерлік жайт, суретшінің осы фильмге жасаған эскизін қазақ эпостарының дастандарына иллюстрация ретінде қолдануға болады. Себебі, мұнда нағыз қазақ қызының дәстүрлі бейнесі суреттеледі. Декоративті шымылдық қазақ ұлтының мінез-құлқының ұстамдылығын, оның нәзік те бай дүниетанымын, сұлулығын айқын көрсетеді.

А. Ғалымбаеваның кино саласындағы атқарған еңбектері оның ұлттық киімдер бойынша алғашқы байыпты мамандардың бірі болуына жол ашты. Ол Қазақконцерт пен Республикалық филармония ұжымының тарапынан қойылған қазақ билеріне костюм үлгілерін жасайды. Матаның жаңа түрлерін пайдалану, халық киімдерінің дәстүрлі үлгілерін жетілдіру арқылы сәнді костюмдердің билеуге қолайлы сахналық нұсқаларын жасап шығарады.

Айша Ғалмбаева шығармашылығында қазақ халқының ұлттық бейнесі маңызды орынға ие. Ұлттық сыр-сымбатпен қазақтың киім үлгілерінің түрлерін өзіндік сипатта сақтауға көп жылдар еңбек

етіп, зерттеу жасаған. Оның талай жыл тер төккен еңбегінің нәтижесі 1958 жылы «Қазақтың ұлттық киімдері» деген суретті альбом болып басылып шығады. Онда қазақтың ескі халық киімдерінің түрлерін, әйелдер мен ерлердің мерекелік және күнделікті костюм үлгілерін әрбір адамның өзіндік тұлғасымен ер адамның киімін ер адамға кигізіп, әйелдердің киімдерін әйелдерге кигізіп айрықша суреттермен беріледі. Олардың ішінде алтынмен зерленген, Ақтөбе уезінің билеушісі Нұрмағамбет Түбетовтің, Мұхамед Таукиннің бас киімдері, Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің әйелі Фатиманың түпнұсқа киімі, адайлықтардың зергерлік әшекейлері, жастарына қарай кестеленген әйелдердің әртүрлі бас киімдері және басқа да бұйымдар бар. Аталмыш костюмдер көркемдік жағынан ғана емес, тарихи-этнографиялық тұрғыда бағалы болып табылады. Суретшінің өз ісіне деген адалдығы, ұқыптылығы сондай, костюм үлгілерін жасағанда әрдайым оны киетін адамның бейнесін жасауға ұмтылады. Бүгінде, біз суретшінің бұл еңбегін қазақтың көркем мәдениетіне қосқан құнды байлықтарының бірі деп толық айта аламыз.

Костюм білгірінің қызыл, таңқурай түстес көйлектері мен орамалдары әйел затына әдемілік, нәзіктік пен романтикалық рең береді. Осындай керемет костюм үлгілері мен өнердегі үздік шығармаларда еңбек етуде суретші өз замандастарының галереясын ешбір кедергісіз жасап шығады.

Сонымен, қазақ ұлттық костюмдерінің А. Ғалымбаева жасаған иллюстрацияларында, олардың композициясы қарапайым, табиғаттың құбылыстары мен өмір сүру салтына лайықталып, жасандылықсыз жасалғанын байқауға болады. Ер, әйел адамның киімдерінің сыртқы пішіндері қазақтың ұлы, орта және кіші жүздерінің орналасқан аймағы мен өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр қилы болғандықтан, олардың үлгілерінде де осы үрдіс сақталынған. Осыған қарап, суретшінің эскиздер мен костюм үлгілерінде қазақ ұлтының мәдениеті мен тұрмысы, шынайы болмысы тарихи шындықпен біте қайнасып жатқандығын аңғарамыз. Бұл дегеніміз, А. Ғалымбаева тек киносуретші, кескіндеме шебері ғана емес, тарихты, мәдениетті жалғастырушы әрі жаңғыртушы тұлға. Ол тарихи кезеңдерді, уақыттарды өз шығармалары, костюм үлгілері арқылы жазып алып, келер ұрпаққа мұраға қалдырған бірегей суретші.



1. Ажар и Айдар. Свадебный вечер. Эскиз к к.ф. „Песни Абая,,. 1966-1967. Б., см.техника.



2. Подготовка к свадьбе. Свадебная юрта. Эскиз к к.ф. „Песни Абая,,. 1966-1967. Б., см.техника.



3. Айтыс. Эскиз к к.ф. „Песни Абая,,. 1966-1967. Б., см.техника. 2920-ж



4. Суд биев. Эскиз к к.ф. „Песни Абая,,. 1966-1967.
Б., см.техника.



5. Смерть Кадыра (Айдара). Эскиз к к.ф. „Песни
Абая,,. 1966-1967. Б., см.техника.

**Лабецкая Валентина Петровна,
старший научный сотрудник
отдела учета и хранения фондов музея
Казахстан, Усть-Каменогорск**

**ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ СВЕРКИ НАЛИЧИЯ МУЗЕЙНЫХ
ПРЕДМЕТОВ
(НА ПРИМЕРЕ КОЛЛЕКЦИИ ФАРФОРА В ФОНДАХ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО
АРХИТЕКТУРНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО И ПРИРОДНО-
ЛАНДШАФТНОГО МУЗЕЯ-ЗАПОВЕДНИКА)**

Музей – «грандиозная памятная книга человечества», необычно сложное общественное явление, где сливаются воедино мысль и слово, наука и искусство, духовная жизнь отдельного человека и всего общества.

В самом центре города Усть-Каменогорска, на пересечении старых его улиц, находятся залы музея-заповедника. Здания музея – это памятники истории и архитектуры: бывший магазин купца И.М. Кожжевникова, построенный в 1914 году; бывшее Мариинское женское училище, открытое в 1902 году; бывшее здание мужского училища, построенного в 1886 году. Сейчас здесь размещены экспозиции и выставки музея-заповедника по казахской и русской этнографии, материальной и духовной культуре народов и малочисленных этногрупп, проживающих в ВКО.

Музей был открыт в 1968 году в селе Бутаково при 8-летней школе. Основателем музея является Заслуженный работник культуры Республики Казахстан Зайцев Николай Алексеевич [1, с. 22].

Каждый музей РК в своей работе руководствуется «Инструкцией по учету, хранению, использованию и списанию музейных предметов музейного фонда Республики Казахстан», которая была принята 1.01. 1916 года. При необходимости музеи вправе разрабатывать внутримузейные инструкции, учитывая особенности своего музея, состава собрания, степени научной и учетной обработки фондов [2, с.9-10]. Проблема сохранения музейных предметов и музейных коллекций

всегда относилась к числу приоритетных в деятельности музея. Сотрудники фондов считают, что из всех музейных функций, в число которых входят комплектование, хранение, изучение и презентация музейных предметов, именно хранение можно назвать наиважнейшей. Так, например, изучением предмета без хранения может заниматься научный институт. Экспонировать предметы без хранения может выставочный зал. Наконец, сбор предметов (комплектование фондов музея) вообще без хранения не может существовать. Поэтому хранение музейных предметов при перечислении целей и задач музеев всегда стоит на первом месте.

Когда-то главный хранитель Государственного геологического музея им. В.И. Вернадского РАН Л.В. Матюшин сказал: «Что останется через 100 лет в музее из того, что сейчас в нем находится? Сегодняшние экспозиции изменятся и забудутся, научные статьи за сто лет устареют... Останутся сохраняемые навеки музейные предметы и учетные документы» [3, с.20]. Что значит «сохранять музейный предмет»? Это значит – регулярно проверять наличие предмета как такового и соответствие его с той информацией, которая имеется в учетных документах об этом предмете.

Цель сверки наличия – это получение реальной информации о наличии музейных предметов в фондах музея. В нашем музее сложилась своя система сверок наличия. На 1 января 2020 года фонды музея насчитывали 69 000 предметов. Хранителей в отделе 5 сотрудников. С самого начала существования музея предметы стали относить в ту или иную коллекцию по типу материала: Ткани; Дерево; Металл; Фарфор; Книги; Керамика и т.д. Всего 22 коллекции, которые разделены между хранителями. Один человек ведет книгу поступлений основного и научно-вспомогательного фонда. Он же проставляет номера на предметах. С 2007 года музей внедрил программное обеспечение «Музеолог» как форму современных технологий в музее. «Музеолог» – это компьютерная программа по созданию информационных каталогов музейных коллекций. Проще говоря – электронный каталог. Это инструмент, с помощью которого музей реализует следующие задачи:

1. сохранение принадлежащей ему коллекции;
2. учет и управление этой коллекцией;
3. изучение этой коллекции с целью углубления знаний об экспонате;

4. обеспечение доступа общественности к коллекции;
5. издание публикаций.

Сверка наличия коллекций.

Кроме приема музейных предметов на материально-ответственное хранение, их выдачу научным сотрудникам в случае необходимости, ежегодно сотрудники фондового отдела, по имеющемуся плану, проводят сверку наличия своих коллекций. Результаты сверки фиксируются в специальных «Актах сверки наличия» согласно действующей «Инструкции по учету, хранению, использованию и списанию музейных предметов музейного фонда РК».

В конечном итоге проверяется наличие предмета, его сохранность и соответствие записей об этом предмете в первичной учетной документации музея: Актах приема, Книгах поступлений, в специальных книгах учета предметов из драгоценных металлов и камней: КДМ; КДМзсб; КДМзсв.

Проведение сверки наличия ставит перед сотрудниками, кроме подтверждения наличия предмета еще и следующие задачи:

1. выявления отсутствующих;
2. записанных дважды;
3. подлежащих переводу в ОФ. или, наоборот, в НВФ;
4. подлежащих списанию по состоянию сохранности;
5. требующих внесения изменений в учетную документацию, если предмет был отреставрирован или по – новому атрибутирован.

За годы существования музея у нас сложилась определенная практика проведения сверок, которая периодически усовершенствуется и видоизменяется. Сверки проходят согласно приказу директора. Создается комиссия, в которую входят главный хранитель, хранитель данной коллекции, представитель сектора учета, заместитель по научно-исследовательской работе.

Наш музей-заповедник, наверное, единственный в Республике Казахстан, которому не надо при сверке наличия пользоваться Книгами поступлений, Актами приема, потому что каждый хранитель, на каждую свою коллекцию, сделал подробнейшую своеобразную развернутую *топоопись в виде таблицы*, в которой указаны все нужные сведения:

1. название предмета;
2. номер предмета;
3. акт поступления;

4. сведения о сдатчике;
5. сведения о мастере (если это ДПИ);
6. сохранность предмета;
7. размер предмета;
8. завод-изготовитель (если это, например, фарфор);
9. стоимость, если предмет платный;
10. национальность (музей архитектурно – этнографический, в домах оформлены интерьеры, показывающие культуру и быт народов, населяющих наш край);
11. место хранения (указывается хранилище, шкаф, полка);
12. фотография предмета;
13. дата изготовления;
14. «Примечание», где указываются какие-то изменения.

Как человек, проработавший в музее 44 года, из них 42 года в должности заместителя директора по фондовой работе, я горжусь тем, что мы это придумали сами. Когда в музее появились компьютеры, директор музея, Зайцев Н.А., пригласил ТОО «Архив сервис» и они перевели все книги поступлений в электронный вариант. Теперь у каждого сотрудника научно-исследовательского отдела, есть возможность смотреть весь имеющийся фонд в своем персональном компьютере. Что очень удобно для сотрудников, особенно при строительстве экспозиций. Топоописи в виде таблиц служат нам не только для сверки наличия, но и других важных ситуаций: составления каталогов, написания статей, чтения лекций. Например, научному сотруднику нужно взять из коллекции фарфора для написания каталога, фарфоровые керосиновые лампы. Программа фильтрует коллекцию фарфора, имеющуюся в фондах и выдает список фарфоровых ламп. Далее идет научная обработка коллекции. Также можно работать и с другими коллекциями. Например, коллекция «Дерево». Понадобились прялки расписные для написания статьи – получаешь готовый список прялок. Понадобились самовары – получаешь список самоваров, работаешь с коллекцией – открывается прекрасная выставка «Русская чайная традиция». Такие примеры можно приводить до бесконечности. И не нужно сидеть, перелистывать книги поступлений, тем более, что их более 100, а самые первые печатались 50 лет назад, на плохой бумаге.

В ходе сверки наличия музейные предметы вносятся в таблицы с указанием места хранения, также проверяется наличие на предмете

номера. Если номер осыпался, стерся, то сразу можно все поправить. При необходимости, внести какие-то дополнения в описание, воспользовавшись при этом не только Книгами поступлений и Актами приема, но и информацией «Музеолога», база данных которого заполняется с 2007 года.

Итоги сверки наличия оформляются «Актом проверки наличия», форма которого утверждена Министерством культуры Республики Казахстан. Если в результате сверки обнаруживается, что тот или иной предмет в силу давности просто разрушился или был украден из экспозиции, то составляется «Акт на списание». До 1.01.2016 года списание Основного фонда осуществляло Министерство культуры Республики Казахстан. Предметы Научно-вспомогательного фонда, потерявшие музейное значение, списывало Управление культуры Восточно-Казахстанской области.

В 2016 году музеи Казахстана получили новую «Инструкцию по учету, хранению, использованию и списанию музейных предметов», согласно которой списывать предметы разрешено комиссии, созданной из сотрудников музея.

Надо отдать должное сотрудникам отдела по учету и хранению фондов. Отдел самый стабильный в музее. Люди работают по 20, 30, 40 лет. Сверки наличия делаются ежегодно. Если в ходе сверки комиссия видит, что какие-то предметы нуждаются в реставрации, они направляются в отдел реставрации, который существует в музее почти столько же лет, сколько и отдел учета и хранения музейных предметов. Сотрудники отдела реставрации музейных предметов успешно реставрируют предметы коллекций из следующих материалов: ткани, металл, дерево, керамика, кожа и многое другое. Таким образом, сверка наличия не только фиксирует наличие предметов в фондах, но и улучшает в целом систему их учета и хранения.

Хранение организовано так, что коллекции хранятся по типам материалов: «Дерево», «Ткани», «Книги», «Иконы», «Металл», «Керамика», «Фарфор» и т.д. Общая площадь хранилищ 831,5 м². Площадь небольшая для 69 000 предметов, но нас спасает этнодеревня Левобережного комплекса музея под открытым небом, где в 17 усадьбах, в экспозициях каждого дома, наряду с другими экспонатами, есть и фарфор. Кроме того, в этнопарке имени К. Кайсенова также есть уникальная экспозиция под открытым небом из 11 усадеб. В каждом

доме обязательно представлен фарфор. Хочу отметить, что даже сами дома – уникальны. Это не новоделы, это постройки, выявленные в селах нашей области и перевезенные в этнопарк.

Коллекция фарфора насчитывает более 4000 (четырёх тысяч) предметов. На сегодняшний день площади, отведенной под фарфор, хватает. Вся коллекция фарфора поделена на 2 части: посуда и статуэтки. Посуда хранится в кубах, которые образуют своеобразную «стенку», а статуэтки в специально изготовленных шкафах. Хранение организовано в соответствии с производством на том или ином заводе. Музей может гордиться тем, что в коллекции представлены самые именитые заводы России. *Императорский завод*, который был основан в 1744 году императрицей Елизаветой. Это одно из старейших в Европе, первое и одно из крупнейших в России предприятий по производству художественных фарфоровых изделий. Был расположен в Петербурге. *Завод Гарднера* был основан в 1766 году в селе Вербилки Дмитровского уезда Московской губернии купцом Францем Яковлевичем Гарднером. *Завод Кузнецовых в Дулеве*. Основан в 1832 году во Владимирской губернии. *Завод Попова*. Куплен в 1811 году купцом А.Г. Поповым у Карла Мелли, бывшего комиссионера завода Гарднера. *Завод братьев Корниловых*. Основан в 1835 г. купцом М.С. Корниловым с братьями в Петербурге. Завод существовал до 1917 года. *Завод «Товарищества М.С. Кузнецова»* в селе Вербилки. Куплен у последней владелицы завода Е.Н. Гарднер в 1892 г. [4, с. 266-274]. И это только часть коллекции музея. Есть в фондах небольшие коллекции китайского, японского, корейского, польского, английского, немецкого фарфора.

В 2019 г. была проведена сверка наличия коллекции фарфора. Во время сверки наличия коллекции, которая осуществлялась силами двух сотрудников фондового отдела в течении всего года, каждый предмет был осмотрен, сфотографирован, отмечен в топоописи. Были произведены все действия, заложенные в музейный алгоритм сверки наличия музейных предметов как утвержденной Министерством инструкции, так и внутримузейными положениями.

Можно предложить принципы организации данного вида деятельности в музеях, основываясь на многолетнем опыте организации хранения и учета музейных предметов в Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника.

1. Под предметом сверки понимается контроль музейными сотрудниками наличия и состояния сохранности музейных предметов.

2. Музеи обязаны систематически проводить переучет музейных предметов, сверку их с Книгами поступлений, Актами приема и другими учетными документами.

3. Музеи с небольшим (до 3000) предметов ежегодно проводят сверку всего наличия предметов.

4. Музеи, обладающие более крупными собраниями, ежегодно проводят проверку наличия части музейного собрания, в соответствии с утвержденными планами. Итоги проверки фиксируются в Акте сверки наличия.

5. Переучет должен производиться комиссией в составе не менее 3 человек.

6. Следующим элементом проверки является приказ о проверке. Приказ должен иметь номер, дату его выхода, подписан директором музея.

Кроме проверки наличия и состояния сохранности предметов, музеи обязаны проводить проверку наличия номенклатуры дел в учетных подразделениях. Проверка Книг поступлений заключается в следующем: проверяется целостность книг, наличие названия и шифра по номенклатуре дел, целостность прошивки. Книга должна быть пронумерована, подписана должностным лицом, опечатана печатью. Особое внимание уделяется утвержденным формам и аккуратности ведения Книг поступлений, Актов приема, Актов выдачи, Протоколов закупочной и отборочной комиссии.

Таким образом, можно сказать, что сверка наличия музейных фондов решает проблемы дальнейшего использования музейных предметов. Объединенные в коллекции, музейные предметы закрепляются за конкретными сотрудниками – хранителями, несущими за их наличие и сохранность материальную ответственность. Главная задача сверки наличия – оформление перемещения внутри музея и вне его, контроль за принадлежащими музею предметами, оформление изменений, происходящих в их наличии, сохранности, закрепления за определенным сотрудником. Аккуратное исполнение этой работы является основой и гарантией существования и развития всей музейной деятельности.

Список литературы

1. Музей, открытый миру. – Караганда: ТОО «Литера», 2014. – с.507.
2. Инструкция по учету, хранению, использованию и списанию музейных предметов. Принята 1.01. 2016. – С.24.
3. Брюшкова П.П. Учет и проверка наличия музейных ценностей. Методические рекомендации. – Москва, 2006. – 36 с.
4. Попов В.А. Русский фарфор. Частные заводы. – Ленинград: Художник РСФСР, 1980. – 316 с.

**Мырзабекова С. К.
Ә. Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік өнер музейі,
«Қазақстан бейнелеу өнері»
ғылыми бөлімі
«Графика және мүсін»
секторының жетекшісі**

**СУРЕТШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙ
ӨЛЕҢДЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ
(Қ. ҚОЖЫҚОВ, И. ИСАБАЕВ, М. ҚИСАМЕДИНОВ)**

Ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абай Құнанбайұлының 2020 жылы 175 жылдығын тойлауға арналған шаралар жүргізіліп жатыр. Дана ойшылдың мерейтойын ЮНЕСКО аясында атап өтуде. Ұлы Абай қазақ халқының рухани және мәдени символына айналған. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзің талдап тазаруға итермелейді. [1] Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек. [2]

Абай Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыс тауында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Ибраһим. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай — қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп, Абайды аса жоғары бағалады. 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, «Ескендір» мен «Масғұт» поэмалары енді. Бұл тұңғыш жинақты дай-

ындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмады. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен. Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазған.[3]

Ақын өмірі мен шығармашылығын бейнелік жазбалары, дәлірек айтқанда, образдары мен туындыларын зерттеуде суретшілердің атқаратын орны зор. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қорында ұлы тұлғаның образдары мен шығармаларына арналған суретшілердің кескіндемелік, графикалық және мүсіндік туындыларды сақталған.

Отандық суретшілер еліміздің бейнелеу өнерінің қалыптасуы кезеңдерінде, ұлы ақынның образын суреттеуде Ә. Қастеев, Ә. Ысмайылов, А. Ғалымбаева, Л. Леонтьев, Қ. Қожықов, Е. Сидоркин, И. Исабаев, М. Қисаметдинов, Ю. Мингазитдинов, Н. Гаев. мүсіншілерден Е. Сергебаев, В. Рахманов және т.б. керемет туындылар қалдырды.

Жоғарыда аталған суретшілердің біразы Абай өлеңдері мен әндеріне арналған туындыларды қарастыруда ерекше нұсқаларын тастап кеткен. Қ. Қожықов, И. Исабаев, М. Қисаметдинов, Абайдың «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз», «Күз» атты жыл мезгілдері өлеңдеріне арналған иллюстрацияларында сөзбе-сөз көрінстерін түсірген. Бұл туындыларда адам табиғатқа еріксіз бағынғандығы бейнеленеді.

1930-шы жылдары бағдарламалар бойынша көрсететін жаңа тақырыптық көрмелер ұйымдастыру дәстүрі дүниеге келді. Бұл кезеңде график–суретшілердің шығармашылық тақырыптар мен пластикалық тәсілдері классикалық, академиялық реализм бағытында дамыды. Осы кезеңде алғашқы ұлттық суретшілердің келуі болды. [4]

Абай бейнесі мен шығармашылығын алғаш қолға алған және Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі, театр және кино суретшісі, Қаз ССР-не еңбегі сіңген Қожықов Құлахмет Қоңырқожаұлы болып саналады. Ол Абайдың көркем сөзге бай өлеңдерін күштарлықпен оқып

түрлі суреттер жасауға үлкен шабыттар алған. Қ. Қожықов 1914 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. 1934-36 жылдары Ленинградтағы М. Горький атындағы Үлкен Драма театрдың көркемсурет студиясында Н. Юпатов, М. Левиннен білім алған. 1933-1940 жылдары ол театрдың классикалық және заманауи репертуарынан 20-ға тарта әртүрлі спектакльді безендіріпті. Өкінішке орай, уақыт Қ. Қожықовтың театрдағы жұмыстарынан біздің заманымызға толық заттай айғақтарды жеткізген жоқ. Қ. Қожықовтың қызы Сәуле Қожықованың суретші жайлы естеліктерінде: «1930 жылдары, сол кезеңдерде өнерде үстемдік еткен кубизм, футуризм бағыттары, театыр сахнасынан мезгілмен шығатын сән үлгісі секілді біртіндеп ығыстырылып барады. Мәскеуден келген, бөгде елдің жасанды безендірулері біздің театрда ұзақ өмір сүре алмады. Сондықтан реалистік жаңғыруда өз спектакльдерімізге жүгініп, театрды сақтап қалу үшін, шығармашылығы жаңа бағыттармен уланып үлгермеген менің мүмкіндігіме жүгінді» - делінген.[5] Театр сахнасында ұлттық емес репертуарларға қарағанда, ұлттық мінезді әдеби жазбалаға үлкен көңіл бөлінген. Суретшінің үнемі ізденіс үстінде болғандығына А. Тоқпановтың 1940 жылы қойылған «Абай» пьесасына жасалған эскиздерге толы калың папка да куәлік етеді. Замандастарының айтуынша, пьесамен жұмыс істеу барысында суретші киелі Абай орындарына арнайы сапармен барыпты. Сол жақта осы қайталанбас этнографиялық суреттемелер сериясы жасалса керек. Бірнеше жыл өткеннен кейін нәтижесінде 1944 жылы Абай атындағы Опера және Балет театры Л. Хамиди, және А. Жұбановтың «Абай» операсын қойды. [6]

Қ. Қожықов 1950 жылдары кітап безендіруде Абай өлеңдеріне көптеген ксилографиялық топтамалар жасап, көптеген иллюстрациялар жасайды. [6] Соның ішінде 1944-48 жылдарғы Қағазда тушь, қауырсынмен орындалған Абай өлеңдеріне арналған топтамасын ұсынуға болады.

Алғашқы парағы А. Құнанбаевтың 1882 жылы жазылған **«Қан сонарда бүркітші шығады аңға»** атты өлең мазмұнына арналған. Композиция не бары үш-төрт фигурадан құралған. Оның басты кейіпкері – аңшы. Белдемшесіне қаруын асынған ол, қамшысын көтере сала астындағы атын шапқылай, артқы жығынан сипатталған. Желпінген ат жалыны, ышқына секіріп шапқан аяқ-буындары, жерді тесе таптаған тұяқтары, бұлқынған бұлшық еттері шұғыл іс-қимылды беріп, аңшы

образын ашуда үлкен рөл атқарып тұр. Ат тұяғынан түскен қара іздер қыс мезгілін ескерсе, майда табанды іздер, аңшының түлкі соңына біраздан бері түскендігін белгілейді. Төменгі оң жақта аш белі бүгіле, табандары жерге тимей, ілесе жарысқан тазы, егесінің шабуылына еріп, екінші жағынан шығуда. Суретші көрермен көзін алыс кеңістікке қаратады. Арғы жақ планда өзіне тап беріп, қадала ұшып келе жатқан қыран бүркітке құйрығы бұлтандап, шапшып, қарсы шыққан шарасыз жыртқыш – түлкі бейнесі суреттелген.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
...Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,...
...Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға»

Суретші графикалық кескінде бір-екі сызықтармен өсімдікті, ен даланы мезгеп, туындыны тоқтаусыз динамикаға толтырады. Егер Абай көркем сөзбен баяндаса, хас шебер Қожықов осы оқиғаны ұғына қалып, өз түйсігінен өткізіп, қағазға көркем түсіріп үлгерген.

Қ. Қожықовтың келесі парағы Абайдың «**Желсіз түнде жарық ай**» атты 1888 жылы өлеңіне арнайды. Иллюстрация мазмұнында шынайы табиғат суреттелген. Қожықов бойжеткен сұлбасын қосып, оны арқа тұсынан көрсеткен. Яғни графикші үшін пейзажға көңіл аудару маңыздырақ болып тұр. Көне қазақ ауылы аймағы, ай сәулесі түсіп дірілдеген су,өзен жағасы, шалғын шөптер, сыбдыр қаққан ағаш жапырақтары бейнеленген туындыны тамашалап, ақынның өлең жолдарында қолданған сөз тіркестері бірден ауызға орала береді. Ал өлеңнің үшінші шумағы қыз кейіпінен ұштасып өтеді.

«Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?
...Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?»

Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына – ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең текстіне құрылуы да себеп болды.[7]

Аталмыш өлеңде сол кезеңдегі қазақ жастарының бір-бірін алыстан, немесе ыммен ұғынуын, махаббат сезімдерінің ұлылығын, ұяңдылық, жалпы ар-ұят түсініктерінің мықтылығын, астарлы сөзбен қозғаған. Суретші де осы стереотиптерді кейіпкердің бойына ұялатады. Сол үшін оның жүзін көрсетпей артқа қаратып, майыса келген денелері мен иілген басы арқылы түсіндіреді. Бұл жерде қыздың жалғыз сырласы – өзі сүйенген жылқысы болып табылады және аулақта кездесуге атпен ғана келе алатындығы меңзелген.

Қ. Қожықов Абай Құнанбаевтың жыл мезгілдеріне арналған «**Күз**» атты өлеңін өздігінше тұжырымдайды. Әдеттегідей кең жазықты далада, тау-жоталы аймақта қоныс тепкен көшпелі қазақ ауылын келтірген. Тігілген киіз үйлер, ауыл арасындағы бірен-саран кісілердің сұлбасы, оның төменгі маңында топтасқан үйір жылқылар түртілген. Осы мекенді бағанадан бері алдыңғы планда, төбешіктегі ағаш түбінде бақылап қарап тұрған егде ана бейнеленген. Ол терген отынын арқасына қымтап байлап алса, бір бүйіріне балтасын іліп алған. Арқадан соққан ызғырық жел етегін желпісе, сұр бұлт суық жаңбырын серпіп оқиғаны ширата түскендей. Аспанда үшкірлене ұшқан тырналар жылы жаққа қайтуда. Қожықов күз мезгілінің мұңлы сипатын кейуана образымен теңестіреді. Ауыл өмірі – халық тағдырымен астасса, қаптап келе жатқан бұлт – оларға төнген түрлі қиын замандарды басынан кешкендігін елестетеді. Мұнда да артқа қаратылған әйел образы – халықтың шарасыз жанашыры кейіпінде енгізілген. Осы тұста ақын мен суретшінің ойлары бір жерден шыққандай әсер қалдырады.

Бүгінде, графика саласында еңбек еткен суретшілердің шығармашылығы жайлы өнертанушылардың еңбектерінде бір аз зерттелген. Суретшілер Е. Сидоркин, М. Кисамединов, Н. Гаев, Б. Пак, А. Смағұлов, А. Рахманов, И. Исабаев, А. Бақтығалиев, М. Табылдиев және т.б. кітап безендіру мен қатар жеке шығармашылық туындыларымен әлемге танылып, өнерде өз бағасын алды. Қазақ суретшілердің еңбектерінен тарих пен мәдениет жарқын көріне бастады.

Графиклық өнерінің техникасын жеке сипаттайтын болсақ, мәңгілік материал тастың фактуралық әсерін беретін-автолитография әдісін, линолеум бетіне ірі, жіңішке сызықтар формасында келтіретін композициялық шығарма– линогравюра, тақта ағаш бетіне арнаулы аспаптармен ойып сурет салу өнері – гравюра, ксилография, майлы тушьпен немесе қарындашпен тегіс орындалатын салынатын тәсіл – литография, графиканың ең күрделі және қиын техникасы ол-офорт жез немесе темір бетіне арнайы инемен дайындалған сурет арнайы кислота жағып баспалау (бұл гравюра тәсілі сияқты кітап безендіру жұмысына қолданылатын әдіс) әдістері бар. Осы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген суретшілердің пластикалық образдың танымының, фольклордық, эстетикалық және философиялық идеялары қызықтырады. [9]

Әсіресе Исатай Нұрышұлы Исабаев шығармашылығында Абай Құнанбаевтың өлеңдіріне жасаған топтамаларын айтып өткен жөн. Ол 1936 жылы 18 ақпанда Алматы облысы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылында дүниеге келген. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Мәскеу полиграфия институтының баспа өнімдерін көркем безендіру факультетін 1965 жылы бітірген суретші-график. 1965 жылдан бері КСРО, ҚР Суретшілер одағының мүшесі. «Бехзад» дипломының (Аш-хабад қ., 1991) иегері. «Тарлан» сыйлығының иегері (2005). ҚазКСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері (1988). Ол 100-ден астам кітаптарға сурет салған, 1000-нан астам танымал баспалы графика мен сурет жұмыстарының соның ішінде «Қазақ өмірінің тіршілігі», «Қонақ», «Көкпар», «Шеберлер», «Жекпе-жек», «Қырғын», «Абай», «Мұхтар Әуезов» және т.б. авторы.

1967-1970 жылдары автордың Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов шығармаларының желісі бойынша жасаған топтама туындылары айырықша көзгетүседі. «Жылдың төрт мезгілі», «Абай шығармаларының ізімен», «Мұхтар Әуезов» дейтін картиналарының кез-келгені суретші көкейіне өркен жайғанын аңдатады. Ол – қызыл тіл, өлеңнің алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылғанын графика тілімен жеткізу үшін қазақ болып туу аздық етіп, көңіліндегі Абайға көлеңке түсірмеуді көксейді. Абай туралы бір парақ сурет – ақынды қабылдап, мейлінше сезініп барып көрерменге ұсынатын қасиеттің бөлшегі болса керек. Асылдың сынығындай тектің тармағы болуы керек. [10]

И. Исабаевтың 1970 жылғы автолитографияда жасаған «**Абай әндері**» желісінің топтамасын қарастырайық. Бұл парақтарда қағаздың

шеттері ою-өрнекпен берзендірілген. Көп тұлғалы композиция үлкен асқа жиналған ауыл тұрғындарынан құралған. Оның алдыңғы қатарында сол жақта – күбі пісіп, қымыз дайындаған, ет тартып, ас әзірлеген той иелерінің іс-қимылы алып жатыр. Оң жақта – дастарханды айнала қонақтар отыр. Домбырамен ән айтқан ақынды, бірі – қымыз ішіп масайрап, енді бірі – құлазып тыңдауда. Екінші қатарда – жаяу, салт атты, нар ерткен кісілердің жиынтығы қоршаған.

«Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй»

-демекші, бұл жиынның себебі – Абай әндерін ұйып тыңдайтын қазақ халқын сипаттау болды.

Ағартушы Абай музыка саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыка жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. [7]

Исатай Исабаевтың 1970 жылы автолитографияда орындалған кезекті туындысы Абай Құнанбаевтың «Ескендір» атты пэмасына арналған. Жалпы бұл поэма Шығыста Ескендір Зұлқарнайын деген атпен белгілі, Еуропада Александр Македонский аталатын ежелгі грек қолбасшысының өмірі жайындағы аңызға құрылған. Ескендірді Еуропа ақындары да, Шығыстың Фирдоуси, Низами, Әлішер Науаи, Жәми сияқты ұлы ақындары да жырларына қосқан. Абай бұл тақырыпты ескі үлгінің ешқайсысын алмай, өзінше жырлаған. Ақын Ескендірдің өмірбаяндық деректерін дәл келтіреді де, оның дүние жүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық саясатын сынауға ауысады. Соған орай поэмаға жас кезінде Ескендірдің тәрбиешісі болған ұлы философ-гуманист Аристотельді кіргізеді. Өңгімеде жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін көрсете келіп, әділдік, даналықты соған қарсы

қояды. Қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақтарды ақылға шештіреді. [7]

Графикші құрастырған композиция шығыс миниатюрасын елестетеді. Исабаев бұл туындының жақтауларын оюлармен әсемдейді. Ортада шығарманың негізі саналатын салт атты Ескендір образы майда оюлы сызықтармен ұқыпты өрнектеліп берілген. Оның арғы жағында мұнаралы, күмбезді ақ көне шаһардың бөлігі орын алған. Оң жақта ақ сәлделі кемел жастағы көсемдер, Соның ішінде Аристотельдің кеңісіне мән береді:

«...Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені - бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!

...Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,
Тоймас кезің толар деп қайғы жеме...»

-дегендей, қолына бас сүйек пен алтын толған дорбаны теңестірудегі таразы ұстаған ойшылдардың Ескендірмен арасындағы әңгіме сипатталған. Иллюстрацияның сол жағында шаһарды басып алуға келген батырлар қару жарақтарын қарсыластарына қадап, семсерлерін сермеп шайқасуға асығып тұр. Артқы кеңістікте шөл қыраттар шығыс елінің мекенін айқындап өтеді. Ұлы Ақынның поэмасын қағазға түсіруде тарихи тұлғаның өмір сүрген заманы мен оқиға желісінің дәлдігін тереңнен зерттеп, композициялық құрылымда орынды қолдануы, графикші Исабаевтың үлкен жетістігі болып есептеледі

И. Исабаев қолтаңбасы дақтан гөрі иірімді штрихқа бейім. Композициядағы штрих-сызықтар жүйке талшықтары іспеттес оқыс басталып, кілт тоқтап, күрт дамып, шырығып-шиеленісіп, керіле-созыла түсіп, тым әріге самғап, көкжиекке сіңіп кеткендей әсер қалдырады. [10]

Исабаев Исабаев 1976 жылы офорт техникасында Ұлы ақынның «Жаз» өлеңіне тоқталып, айрықша композицияны қолданады. Мұнда бірнеше образды көріністердің тік тортбұрышты қиынды фрагменттері бір-бірінің үстіне түскендей, шектесіп орналасады. Исабаев өлең жолдарындағы айтылған:

«...Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз

Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,...
...Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып ...»

-әрбір құбылысты жіберіп алмауды жөн көрген. Шыны шағылысы іспеттес шашыранды құрылымды, қағаз бетіне жыбырлаған бей-маза өрнекті-өсімдікті ортамен толтырылған. Бұл парақтың жан-жағында көрермен көріп үлгермеген жалғастары бар секілді әсер қолдырады.

Сондай-ақ Абайдың «Күз» атты шығармасы суретшінің екінші парағында жалғасын табады.

«...Біреу малма сапсиды салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесін иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін...»

Егер «Күз» тақырыбы Қ. Қожықов парақтарында шынайы пейзажбен сипатталса, Исабаев пейзажды орталық композицияға «жақтау» ретінде пайдаланады. Ошағы түтенген киіз үйлерді қатармен тізіп қояды. Бекіне бастаған ауыл, балалар ойыны, тай-жылқылар мен кісі қарасының азаюы, салқын ауарайының салдарын келтіреді. Осы пейзаж ортасын тесіп тігінен басқа екі композиция басылып, негізгі орынға ие болады. Екеуінде де киіз үйдің ішкі интерьерері бейнеленді. Сондай-ақ, қазақ әйелдерінің тұрмыстағы күйбең тіршілігі, баласын ойнатып отырған ана сипатталады.

Абай өлеңдеріне жаңаша графикалық нұсқамен келген Мақым Қисамединов болды. Ол «алпысыншы жылғылар» тобына жататын график. Қисаметдинов Мақым Мұстафаұлы 1939 жылы Волгоград өңірінде дүниеге келген. Қазақстан суретшісі, график. КСРО СО мүшесі, Қаз-КСР Ленин комсомолы сыйлығының Лауреаты, 1963 жылы Н. Гоголь ат. Алматы көркемсурет училищесін тәмамдап, 1967 жылы Суриков ат. Мәскеу көркемсурет институтынан білім алады.[11]

Оның алғашқы туындылары Абай өлеңдерінің екі томын безендірген. Сондай-ақ, «Жазушы», «Жалын» баспаларында С. Мұқанов, Ғ. Мүсіреповтың кітаптарын иллюстрациялаған. М. Қисамединов лино гравюра, автолитография және офорт техникасын қолданған. Графикші М. Әуезовтың «Абай жолы» романынына сериялық иллюстрациялар

жасады. Абайдың «Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс» атты жыл мезгілдеріне арналған өлеңдеріне 1970 жылдары монументалды мінезегі композициялар жазады. Суретші әр топтамадағы кейіпкерлерін осы кеңістіктегі басқа дүниелермен салыстырғанда анағұрлым ауқымды, қонымды ірі етіп көрсеткен. Яғни, суретші барлық күштердің негізі – адам деп сенген. [12]

Бірінші «**Жазғытұры**» яғни, көктемгі мезгілді баянтайтын параққа көңіл аударайық. Мұнда ұлттық сипаттағы қазақ ауылында қуанышты жаңалықтың болуы айтылады. Сырмақты, оюлы кілем төселген киіз үй алдында қос бұрымды қыз келіншектер мен егде әйел босағада жиылып тұр. Олар алыстан ат шаптырып келе жатқан серіні қол бұлғап, күтіп алуда. Арғы жақта күн шапағы ақша бұлтты жарып өтіп, жер бетіне нұрын төгуде. Абайдың:

«...Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен...

... Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер».

-деген өлең жолдары сияқты, халықтың үміті мен қуанышын бөліскен. Мұндағы домбыра ұстаған салт атты – Ұлыстың ұлы күні – Наурыз айының келуімен теңестіруге де болады. Линографюра тәсілінде орындалған шығарма көп фигуралы болғанымен гармониялық үйлесім тапқан. Мұндағы адамдардың бет-әлпетінде күлкі ұялап, мейірленген кейіптері монументалды шешімді жұмсартып жібергендей.

Топтаманың келесі «**Жаз**» атты парағында қонақжай ауыл көрінісі суреттелген. Жайбарақат өмір, елдің бейқам тыныс-тіршілігі, арадағы баяу әңгіме осы шығарманың басты тақырыбын ашуға бағытталған. Геометриялық өрнекті кілем бастырма ретінде төрт тіреуішпен бекітіліп, көлеңкелеп тұр. Оның астында төрт-бес адам демалып, дастарханға жайғасып, қымыз ішуде. Қолында емізулі баласы бар келіншек қонақтарға қызмет көрсетіп үлгеруде. Жоғарғы сол жақ бұрышта – атын ерттеген жылқышы көрінеді. Ал оң жағындағы жапырағы жайылған бәйтерек – жаз мезігілінің символын сипаттағайды.

«...Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек

Кеңесіп, күліп сылқылдап...»

Бұл туынды қазақ халқының мәдениеті мен мінезін, кең пейіл, қонақжайлылығын таныстырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды, төл өнерді құрметтетуге шақырады. 1960-70 жылдары осы іспеттес композицияны С. Айтбаев, Ә. Сыдыханов т.б. суретшілер өз кескіндемелерінде қолданған. Олардың көздеген мақсаты – ұлттық мектепті, ұлттық құндылықтарды, өз өнерімізді қайта жаңғырту болды. Яғни бұл «алпысыншы жылғы» буын өкілдері үшін маңызды тақырып болды.

Қисамединовтың кезекті парағы А. Құнанбаевтың «Күз» атты өлеңіне алмасады. Егер Қ. Қожықов табиғатты бірінші орынға қойса, И. Исабаев тұлғалы композицияны пейзаждың ортасына енгізіп жаңаша қадам жасайды. Ал М. Қисамединов шығарманы ұлғайтып көрсетуде әр обрады монументалды шешімде орындап, формаға көңіл аударады. Табиғаттың орнына ішкі киіз үй интерьеріне енеді. Салқын күз мезгіліндегі адамдардың үй ішіне байлануын баяндайды. Ортада – төсекте бүк түсіп жатқан қарт ана, оның төменгі сол жағында баласын емізген келіні, оларға қарап тұрған екі ер адам – барлығы көңілсіз күй тартқан.

«Қай ауылда көрсен де, жабыраңқы,
Күлкі - ойын көрінбейді, сейіл серуен.

...Кемпір - шал құржаң қағып, бала бүрсен,
Көңісіз қара суық қырда жүрсен...»

Дегенмен, суреткер үйдегі жиһазға – шаңырақ, кереге, түскиіз, бау-басқұрлар, шымылдық, ағаш төсек т.б. ерекше көңіл аударады. Линогравюрада орындауда әрбір штрих-сызықатар, формалардың көлемділігін бере отырып, қою қара бояу ішкі ауаға салқындық туғызады.

Топтаманың соңын Абайдың «Қыс» атты өлеңі тәмамдайды. Композицияның негізгі көрінісінде қарапайым ауылға шоқпарын сермеп, баса-көктеп шауып кірген бек-шонжарлар бейнесі орыналады. Төменгі жақта малын қырып, жұрттың тынышын бұзып, әлім-жеттік көрсеткен әділетсіздік белең алған. Соңғы планда қырат төбесінде оқиғаның соңын күтіп тұрған жолбарыс бейнеленген. Бұл жыртқыштың да өлім-жетімге бас салмақ ойы бар секілді. Мүмкін Қисамединов оны-халықты қыспаққа алған биліктің белгісіне енгізген. Егер Абай «қысты» сықырлап келген сұсты кәрі құдаға теңесе,

«...Демалысы - үскірік аяз бен қар,
 Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды...
 ...Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
 Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.»

ал, Мақым Қисамединов қазақ даласындағы қоғамның құйтырқы билігімен қиыстырады. Жалпы, Қыс мезгілі қай заманда болмасын, әсіресе көшпелі қазақ үшін біраз әбіргерге түскендері айғақ. Оның үстіне жоғарғы тап өкілдерінің бұқара халыққа өктемдігі «Қыс» мезгілімен образдалуы тегін емес. Графикші астарлы өлеңнің пердесін сырып тастап, жалпы ұлт тағдырындағы шындықты айтуды көздейді.

Қорыта келгенде, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлең жолдарын Қ.Қожықов, И.Исабаев, М. Қисамединов сынды үш суретшінің шығармашылығына талқылап, арасындағы ұқсастықтар мен екекшеліктерді қарастырдық. Әр суретшінің өзіндік көзқарасын бақылап, дара қолтаңбасын айшықтадық. Тілмен жеткізген шығармалардың қағаздағы орындалуы, яғни иллюстрациялардың алатын орнын білдік.

В. Гегель: «Философия ойлармен ұсталған дәуір. Ал дәуірді оймен ұстау үшін ойшыл болу қажет» деп айтқан. Осындай ойшылдардың бірі Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысында Абай болып саналады. Ол жаңа қазақ ұлттық жазба әдебиетінің және қазақ әдебиетінің негізін қалыптастырған. Ол ойшыл ретінде қазақ қоғамының дегдары болса да, керісінше қарапайым халықтың мұқтаждығын бірге уайымдап, солармен ойшыл ретінде бірге жоғын жоқтап, хәлін бөлісіп өмір сүрген. Халық тұрмысында қуанышты сәттер сирек болғандығын көріп жүрген Абай өзі ғана рахаттанып өмір сүре алмады. Ол халық тағдырын өзі тағдырым деп есептеді.

Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша ұғыну жалғаса береді, оның жалынды өлеңдері ешқашан да өзінің күшін жоғалтпайды. Өйткені Абай халықпен мәңгі бірге.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ. ҚР президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz/>. 30.05.2019
2. Тоқаев Қ. ҚР президенті. Egemen Qazaqstan/ 09/01/20
3. Әуезов М. энциклопедиясы. Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011

4. Копбасинова Р.Т. Молодые художники Казахстана. Алма-Ата, 1972.
5. Қожықова С. Шаһар культура / журнал. №3 (11) 2006. 71-74 б.
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
7. Абай / Энциклопедия. Алматы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
8. Барманкүлова Б. Изобразительное искусство Казахстана. Алма-Ата, 1980.
9. Виппер Б. Введение в историческое изучение искусства. М., Изобр. искусство, 2005
10. Кәкен Ж. Түркістан / газет 27.04.2012.
11. Шашкова Л. Казахстанская правда / газет, 26.02.2000
12. Михайлова М. Казахстанская правда / газет, М. 19.11.2005